



МОНГОЛЫН БОЛОВСРОЛЫН ХҮЭРЭГ
NATIONAL INSTITUTE FOR EDUCATIONAL RESEARCH AND DEVELOPMENT



ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫНА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУГЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ

ПӘН АТАУЫ: АНА ТІЛІ
(БАСТАУЫШ СЫНЫП)

I-V



Улаанбаатар

2020

НҮСҚАУЛЫҚТЫ ӨЗІРЛЕГЕН ЖҰМЫС ТОБЫ:

- | | |
|--------------|--|
| 1. Ж.Зұлмира | Білім институтының ғылыми қызметкері |
| 2. Б.Аяжан | Баян-Өлгий аймағының Білім, мәдениет, өнер басқармасының бастауыш білім жауаптанған маманы |
| 3. А.Аққайың | Өлгий қалалық жалпы білім беретін №4 мектептің бастауыш сынып мұғалімі |
| 4. Н.Ләйла | Өлгий қалалық жалпы білім беретін №1 мектептің бастауыш сынып мұғалімі |

СУРГАЛТЫН ХӨТӨЛБӨРИЙН ХЭРЭГЖИЛТИЙГ ДЭМЖИХ АРГА ЗҮЙН ЗӨВЛӨМЖ

СУДЛАГДАХУУНЫ НЭР: ЭХ ХЭЛ (Бага анги)

НҮБ-ын Хүүхдийн Сан, Боловсролын Төлөөх Дэлхий Нийтийн Түншлэл, Дэлхийн Банкны “Боловсролын чанарын шинэчлэл” төсөл, Азийн Хөгжлийн Банкны “Хөдөлмөр эрхлэх ур чадварыг дээшлүүлэх төсөл”-ийн дэмжлэгтэйгээр боловсруулж, хэвлүүлэв.


МАЗМҰНЫ

Бір.	Кіріспе	2
Екі.	Телесабақты қайталауды жоспарлау	4
Үш.	Телесабақтарға жасалған сараптама және керібайланыс жасау әдістемесі	7
	3.1. Екінші сынып	11
	3.2. Үшінші сынып	19
	3.3. Төртінші сынып	29
	3.4. Бесінші сынып	39
	3.5. Қосымша тапсырмалар	47
Төрт.	Диагноз нәтижесіне негіздей отырып, міндетті түрде қайталауға тиісті сабақ мазмұны мен оқушылардың оқу әдістерін сабақ жоспарына енгізу және жүзеге асыру менежменті	53
Бес.	Мұғалімдерге арналған қосымша ақпараттар	55

БІР. КІРІСПЕ

2019-2020 оқу жылында оқушылар 85 күн мектепте білім алды, ал III, IV тоқсанда 75 күн оқитын сабақты мұғалім, ата-аналарының қолдау, көмегімен өз беттерінше телеэкран және ғаламтор арқылы оқып, үйренді. Бастауыш сынып оқушылары ұстаздарымен бірлесе отырып, қазақ тілі пәнінен 160-қа жуық тақырып аясында, әр сыныпта игеруге тиісті міндеттерге сай III, IV тоқсанда міндетті түрде үйренуге тиісті ұғым, түсініктерді оқып, үйренді. Ғаламтор арқылы сабақ оқып, білім алу оқушылардың ана тілін өз бетінше оқып, үйрену, дереккөздер мен қажетті ақпараттарды іздеп, пайдалану, мұғалімдерімен керібайланыс орнату қатарлы білім, біліктерін шыңдаумен қатар, өздерінің міндеттері мен жауапкершіліктерін түсінулеріне, өзін-өзі басқару, өз бетінше оқып, үйрену дағдыларының қалыптасуына оң ықпал еткендігі сөзсіз. Бірақ бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай, жоғарыда аталған білім, біліктерді ешкімнің көмегінсіз, өз беттерінше игерулері мүмкін емес екендігі де айдан анық.

Сурет 1. Телесабақтан көріністер:



Сондай-ақ, барлық баламен керібайланыс жасап, барлығына бірдей қолдау, көмек көрсету мүмкін болмады, әсіресе, қырдағы малшы балалары телесабақ көретіндей, ғаламтор арқылы оқитындай мүмкіндік жоқ. Және бір телесабақтың жалғасу уақыты аз (15-20 минут) болғандықтан, ең басты ұғымдар ғана берілді. Ал үйрену мақсатына жету үшін оқушының өзінің міндетті түрде орындауға тиісті әріпті дұрыс танып, дұрыс оқып, жазудан бастап, берілген мәтінді талдау, оқиға барысын, себеп-салдарын, нәтижесін өзара сабақтастыра түсіндіру, қорытынды жасау, қосымша ақпараттармен танысу, дереккөздер мен дәлел, дәйектерге сүйене отырып, анықтау, қатысты ақпараттар жинау, оны сұрыптап, жіктеу, танысу, әсер, ықпалын, беретін үлгі-өнеге, ғибратын баяндау, ой қорыту, оны ауызша, жазбаша түрде жеткізу, тіл біліміне қатысты ережелерді дұрыс үйреніп, дағдыға айналдыру деген сияқты әрекеттер шектеулі болды.

Жоғарыда айтылған олқылықтардың орнын толтыру үшін, мұғалімдер мен оқушыларға «Ана тілі» сабағының үйрену міндеттерінің орындалу нәтижесін сараптап, диагноз жасау, еске түсіріп жаңғырту, пысықтап бекіту қажеттілігі туындап отыр. Ұстаздарға ұсынылып отырған бұл нұсқаулықта осы қажеттілікке сай I-V сыныптың «Ана тілі» пәнінен міндетті түрде үйретілуге тиісті екі тоқсанның сабақ жоспарында көрсетілген міндеттердің жүзеге асырылуына сараптама, диагноз жасау, тапсырмалар мен олардың орындалуын анықтайтын рубрика мен тапсырманы дұрыстау әдістемесі, диагностикалық тапсырмалардың орындалуына сараптама жасау арқылы оқушылардың біліміне диагноз жасау, оларға қандай қолдау, көмек қажет екендігін анықтау, міндеттерді жүзеге асыру үшін жасалатын жоспарлауда нені ескеру керек екендігіне қатысты үлгі мысалдар алынды.

Сонымен қатар, нұсқаулықта әр сыныпта өтілетін төрт апталық пысықтау сабақтарын қалай ұйымдастырудың үлгі жоспары, әдістемелік пікірлер, мұғалімдерге арналған әдістемелік ақпараттар, диагноз нәтижесін қалай қолданудың менежменті мен ұйымдастыруға қатысты ой-пікір, кеңестер берілді.

Сурет 2. Телесабақтан көріністер:



Үйретілген телесабақтарды сараптағанда, төмендегідей жетістіктер мен кемшіліктер байқалды:

1. Телесабақ оқушылардың қашықтықтан оқуда жетекші құралы болды.
2. Көбі баланың қызығушылығын арттыратын мультимедиа түрінде әзірленген.
3. Ана тілі сабағында оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым және түйінді біліктер кең көлемде қамтылған. Атап айтсақ, дұрыс оқу, түсініп оқу, мәтін алды жұмыстар, сөздік жұмысы, сұрақ-жауап, қиын сөздердің жазылуы, әдістемелік нұсқауда көрсетілгендей тапсырмалар түрленіп енгізілген.
4. Телесабақ тек балаға емес мұғалімдердің методикасын дамытуға да үлесін қосты. Пәндерді оқыту әдістемесі, оқу міндеттерінің маңызын түсіндіріп, дұрыс қолданудың үлгісін көрсетті.
5. Телесабақты дайындау барысында мұғалімдер әртүрлі компьютерлік бағдарламаларды игерумен қатар, үйрету әдіс-тәсілдерін жетілдіріп, тәжірибе жинақтап, тәжірибе алмасты;
6. Телесабақ, көрнекі құрал қоры молайды;
7. Оқу әрекетіндегі ата-аналардың міндеті, жауапкершілігі артты, оны сезінді.
8. Ата-аналар оқу бағдарламасының мазмұнын ұғынып, баласымен бірге оқыды.

Телесабақтың кемшін тұстары:

1. Қамтылмай қалған мазмұндардың болуы;
2. Ана тілі пәнінен кейбір оқу міндеттері, жазылымға байланысты қатесіз, көркем жазу, айтылымда мазмұнын айту тиісті деңгейде қамтылмады.
3. Қайталау, бағалау сабақтары толық қамтылмады.
4. Жер шалғайлығынан, ғаламтор желісінің жетіспеушілігіне (әсіресе малшы балалары), ата-ана жауапкершілігіне және әлеуметтік жағдайларға байланысты кейбір оқушылар қалыс қалды.
5. 6 жастағы оқушылардың зейінінің шоғырлану ұзақтығы 6-8 минут болуы;
6. Түсінбеген мазмұнды сұрау мүмкіндігінің болмауы;
7. Оқушыларды телесабаққа қамтуда мектеп тарапынан ұстаздарға бағыт-бағдар, ата-анаға кеңес беру, қолдау көрсетіп арабайланыс орнату, телесабақ нәтижесіне бақылау қою, қорытындылау шараларын ұйымдастыру жеткіліксіз болды.
8. Телесабақ түсіруші телеарналардың техникалық жағынан жетіспеушілігі, жетілмеуі.

ЕКІ. ТЕЛЕСАБАҚТЫ ҚАЙТАЛАУДЫ ЖОСПАРЛАУ

2020-2021 оқу жылының басқы төрт аптасын (қыркүйек айы) өткен оқу жылының соңғы екі тоқсанында, яғни III, IV тоқсандарда жүрілген телесабақтардың нәтижесін пысықтап, қайталап, еске түсіруге арнауға кеңес береміз. 2019-2020 оқу жылындағы қашықтан оқыту уақыты Білім, Мәдениет, Ғылым және Спорт министрінің 2019 жылғы «Оқу жылының құрылымын бекіту туралы» №А/491 бұйрығы бойынша 3-тоқсанда 8 апта, 4-тоқсанда 7 аптамен, ал апталық сағат саны аймақтық Білім, мәдениет, өнер басқармасы бастығының 2019 жылғы «Оқу жоспарын бекіту туралы» №А/20 бұйрығы бойынша есептелді.

Кесте 1. Сағат саны

Сыныптар	Өткен оқу жылының 3, 4-тоқсанында зерттелуге тиісті сағат саны	Жүрілген телесабақ саны	Жаңа оқу жылының қыркүйек айында қайталайтын сағат саны
1-сынып	15x7=105	45	
2-сынып	15x5=75	30	20
3-сынып	15x5=75	30	20
4-сынып	15x4=60	27	16
5-сынып	15x3=45	24	12

Телесабақтарды пайдалана отырып, сабақ жоспарлауда төмендегі жағдайларды ескерген жөн.

- Телесабақтың мазмұнына қатысты бөлігін қайталап көру, тыңдау әрекетін ұйымдастыру арқылы оқушының өз бетінше орындайтын жұмыстарын түрлендіріп беріп, нәтижесін міндетті түрде тыңдап, таныстыратындай мүмкіндік жасау маңызды. Мәселен, 2-сыныпқа арналған «Тыныс белгілерін дұрыс қолданаық!» атты телесабақтың оқу, жазу бөлігін (Сурет 3) бірге көріп, тыңдап, «Берілген сөйлемдердің мағынасына қарай қандай тыныс белгілер қойылғанын түсіндір.», «Сөйлемге тыныс белгі не үшін қойылады?» деген сияқты тапсырмалар беруге болады. Бұл тапсырмалар бойынша оқушылар төмендегідей қорытынды жасаулары мүмкін:
 - Бір сөйлемді келесі сөйлемнен ажырату үшін, араларына тыныс белгі қойылады.
 - Сөйлемнің соңында нүкте қойылады.
 - Сұрап тұрса, сұрау белгісі, жауап берсе, нүкте қойылады.
 - Қуанып, ренжігенді білдірсе, леп қойылады.

Сурет 3



- Оқушыларға телесабақтарда берілген жаттығу, тапсырмаларды орындатумен қатар, онда қойылған сұрақтарды да әрбір сабақта ұтымды пайдаланып, оқушылардан жауап алып отырған жөн. Мұндай жағдайда қойылған сұраққа аса мән беру керек. Өйткені әр сұрақ баланың жас ерекшелігі мен білім деңгейіне сай болса ғана нәтижелі болады. Ол үшін әр сыныпта оқытылатын білім мазмұнының өзара сабақтастығын басты назарда ұстау керек. Мысалы:

Кесте 2. Әр сыныптағы білім мазмұнының сабақтастығы

Сыныбы	Оқыту міндеті: Сөйлемнің тыныс белгілері
1-сыныпта	Сөйлемді бас әріппен бастап, соңына нүкте (.) қойып жазу
2-сыныпта	Сұрау, леп белгілерін сөйлеуде, жазуда дұрыс қолдану
3-сыныпта	Сөйлемнің мағыналық түрлерін айыра танып, сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілерді дұрыс қою
4-сыныпта	Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемді өзара ажыратып, жазуда тыныс белгілерін дұрыс қою
5-сыныпта	Бірыңғай мүшелердің тыныс белгісін дұрыс қою

- Қай тақырыпта болса да пайдаланылған дереккөздерді айтып беру, тіпті мүмкін болса, телесабақта қолданылған кітап-құрал, материалдарды көрсетіп, таныстыруға тырысу; Мәселен, әдістемелік құралдар, еcontent сайты, «Дербес», «Саян», «TV4», MNB телеарналарының facebook парақшалары тағы басқа.
- Ұғым, түсініктерді таныстырып, түсіндіргенде, түрлі сөздіктерді (орфографиялық, түсіндірме, фразологиялық, тағы басқа), анықтамаларды мейілінше көп қолдану, дереккөздерді көрсету (Мысалы: 1-сыныптың «Әке мен бала» телесабағында youtube каналынан мультфильм көрсетілді);
- Мәтінді оқып, онда баяндалатын оқиға, оның себебі, салдары, маңызы, беретін үлгі-өнегесі қатарлыларға талдау жасағанда, оқулық, түсіндірме сөздік, көрнекіліктер, суреттер тағы басқа дереккөздерді пайдалануға, ақырғы қорытындыны оқушылардың өзі жасауға мүмкіндік тудыру қажет.

Сонымен қатар кезекті сабақ жоспарын жасаудың үлгісі ұсынылып отыр. Бұл үлгіні өз сыныбыңыздың деңгейіне, әр оқушыңыздың өзіндік ерекшелігіне сай түрлендіріп, жетілдіріп, кеңейтіп қолдана аласыз.

Кесте 3. «Ана тілі» пәнінің кезекті сабақ жоспары

Сыныбы: 2-сынып

Ай, күні: ...

Сабақ тақырыбы	Сабақ тақырыбын оқу мазмұны мен мақсатына сәйкес таңдау. <i>Мысалы: Өлеңді мәнерлеп оқу</i>
Мақсаты	«Ана тілі» пәнінің оқу біліктері мен міндеттеріне байланысты мақсатын анықтау. <i>Мысалы: Өлеңді тыңдау, дұрыс, жылдам, мәнерлеп оқу, мазмұнын түсініп, өз сөзімен әңгімелеу, жазуға үйрену.</i>
Мазмұны	Мақсатты жүзеге асыратындай мазмұнды қамтыған тапсырмалар жиынтығы. <i>Мысалы: «Төлді қалай шақырады?» өлеңін тыңдау, дұрыс, жылдам, мәнерлеп оқу, мазмұнын түсініп, өз сөзімен әңгімелеу, жазуға байланысты тапсырмалар беру.</i>

Сабақ формасы	Жаңа сабақ, бағалау, қайталау, нәтиже сабақ (керібайланыс жасау).	
Қажетті құрал-жабдықтар	
Сабақ барысы:		
Қадамдар	Ұстаз әрекеті	Оқушы әрекеті
1-қадам	Ұйымдастыру
2-қадам	Үй тапсырмасын тексеру
3-қадам	Жетелеу (ойтүрткі жасау). <i>Мысалы: Мал түлігі, олардың пайдасы, малшы еңбегі жайлы сұрақ-жауап арқылы әңгімелесу.</i>	<i>Тыңдалым, айтылым:</i> <ul style="list-style-type: none"> • Мал түлігі, олардың пайдасы, малшы еңбегі жайлы басқаның айтқанын мұқият тыңдау өз көрген, білгенін әңгімелеу.
...	Оқу әрекеттерін ұйымдастыру, қалыптастырушы бағалау. <i>Мысалы: Үлгі оқу</i>	<i>Оқылым:</i> <ul style="list-style-type: none"> • Өлеңді мәнерлеп жатқа оқу; • Өлеңді дауыстап, іштей дұрыс, түсініп оқу; • Жаттау, жаттағанын мәнерлеп оқу; • Мал түлігі, төлдерге байланысты атауларды теріп оқу;
...
...	Жазу әрекеттерін ұйымдастыру, қалыптастырушы бағалау	<i>Жазылым, түйінді білік:</i> <ul style="list-style-type: none"> • Өлеңдегі кім? не? деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді тауып жазу; • Жекеше, көпше түрде жазу; • Қатесіз, таза, көркем жазу
...	Бекіту, қорытындылау
...	Бағалау
...	Үй тапсырмасын беру
Ескеретін жайттар	<p>Өткен сабақтарды пысықтап, қайталауға бөлінген сағат тым аз, керісінше, қамтитын сабақ мазмұны мол болғандықтан, қайталап, пысықтағалы отырған мазмұнды өткен III, IV тоқсанда оқып, зерттеген үйрету міндеттерін терең талдап, аталмыш оқу міндеттерінде көрсетілген білім, білік, құндылықтарды ажыратып, нақтылау арқылы таңдаған жөн. Ол үшін төмендегі талаптарды ұстану керек.</p> <ul style="list-style-type: none"> – Көшкен сыныпта “Ана тілі” сабағынан міндетті түрде оқып, игеруге тиісті білім, ұғым, түсініктер; – Барлық оқушы білуге тиісті басты ұғым, түсініктер; – Игеруге тиісті оқу, үйрену әдістері мен білік, дағды, құндылықтар, мәселен, – Берілген ақпаратпен жұмыстау, талдау жасау әдіс-тәсілдері; – Тіл біліміне қатысты ұғымдар мен ережелерді күнделікті қолданып үйрену; – Мәтінде баяндалатын оқиғаның себеп-салдары, нәтижесі, берер үлгі өнегесінің өзара сабақтастығын баяндап түсіндіру, анықтау, ой қорыту біліктілігі, тағы басқа. 	

ҮШ. ТЕЛЕСАБАҚТАРҒА ЖАСАЛҒАН САРАПТАМА ЖӘНЕ КЕРІБАЙЛАНЫС ЖАСАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Оқушы біліміне диагноз жасау дегеніміз оған қандай қолдау, көмек қажет екендігін анықтауға арналған тапсырмалар, оның орындалуы және сол орындалу нәтижесіне жасалған сараптама бойынша анықталатын оқушының білім, білік деңгейі, оған көмектесудің әдіс-тәсілдері, оны жоспарлау қатарлыларды қамтитын кешенді іс-әрекет болып табылады. Бір сөзбен айтқанда, басты мақсат тапсырма орындатып, ақпарат жинау емес, керісінше, жиналған ақпараттарды сараптап, сұрыптау арқылы оқушыларға көрсетілетін қолдау, көмекті, олармен жұмыстаудың жолдарын анықтап, оны жүзеге асыруды жоспарлау диагноздың басты мақсаты екендігін ұмытпаған жөн.

Нұсқаулықтың бұл бөлімінде 2019-2020 оқу жылының соңғы жартысында I-V сынып оқушыларының «Ана тілі» пәнінен игеруге тиісті оқу міндеттеріне негіздей отырып, оқушылардың білім, біліктері мен оқу жетістігін бағалауға арналған тапсырмалар рубрика, бағалау кестелері, орындау деңгейіне негізделген оқушыға қолдау көрсету әрекетін кешенді, біртұтас түрде, мысалдармен алуға тырыстық.

Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеуде төмендегі мәселелер ескерілді:

- а) III, IV тоқсанда әр сыныптың игеруге тиісті оқу міндеттерін білім, білік, дағды, ұғым, түсінік, үйрену жолдары аясында топтай отырып, саралап көрсеттік. Бұл арқылы мұғалімдер қай мазмұнға сай, қай дағды аясында бағалау тапсырмалары жасалғандығын анық көре алады. Және «Ана тілі» сабағының әрі қарайғы оқу міндеттерін осы үлгі бойынша кешенді түрде әзірлеулеріне қолдау, көмек болады.
- ә) 1-2-сынып оқушылары үшін әріпті толық тануына, тыңдау, оқу, жазу, сөйлеу біліктерінің тағаны қаланып, әрі қарай білім алу дағдыларының қалыптасуына ерекше көңіл бөлінеді. Ал 3-сыныптан бастап, тіл біліміне қатысты негізгі, қосымша ұғым, түсініктер беріле отырып, атаулар мен терминдерге қатысты анықтамаларды оқушылардың өздеріне шығарту деген сияқты танымдық ерекшеліктерді беруге тырыстық. Мұғалімдер бұл ерекшелікті тапсырмалардың орындалуына талдау жасауда пайдаланса, нәтижелі болмақ.

Диагноз жасауға арналған тапсырмалардың орындалуын, нәтижесін анықтау үшін берілген рубрика әр сыныпта берілген бағалау тапсырмаларына негізделіп жасалды және мынадай мәселелер ескерілді.

- Мұғалімнің оқушының нақты деңгейін сандық көрсеткішпен анық бағалауына немесе жалпы деңгейін анықтайтындай шартты белгі қолдана беруіне мүмкіндік жасауды мақсат еттік.
- Мұғалім жүктемесі ескеріле отырып, әр сыныптағы бағалауға арналған тапсырмалардың орындалу нәтижесі біртұтас бір рубрика арқылы берілді.
- Әр сыныпта рубрика жасаудың әдістемесімен қатар, бағалау парақтары берілді.

Үлгерім деңгейіне негіздей отырып, оқушыларға қалай, қандай қолдау көрсету керектігін анықтау үшін төмендегі жағдайлар ескерілді.

- а) Диагноздық тапсырмалардың орындалу нәтижесіне қарай, қайта жұмыстауды қажет ететін немесе жаңадан, басынан бастап үйретуді қажет ететін оқушыларды қалай анықтау қажеттігі;

- ә) Оқушыларға қандай қолдау, көмек беру керектігі;
- б) Әрі қарай тақырыптық және кезекті сабақты жоспарлауда қайталау сабақтарын қалай қамту керектігі туралы ұсыныстар берілді.

Құрметті мұғалім, сіз қолыңыздағы нұсқаулықты қолданғанда, шәкірттеріңіздің оқу, үйрену дағдылары, білім деңгейлерінің әртүрлілігі қатарлы өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, пайдалануға кеңес береміз. Егер сіздің оқушыларыңыздың арасында қандайбір деңгейдегі мүмкіндігі шектеулі балалар бар болса, нұсқаулықтағы ұсыныстарды солардың қажеттілігіне сай түрлендіріп қолданыңыз.

Сондай-ақ, төмендегі телесабақтар тізімімен танысып, өзіңіз таңдаған телесабақты қажетті дереккөздерден алып, күнделікті сабағыңызға пайдаланумен қатар, қандай мазмұнның телесабақ арқылы берілмегендігін де анықтай аласыз.

Жүрілген телесабақтар тізімі

«Ана тілі» 1-сынып

- | | |
|---|------------------------------------|
| 1. “Ү” әрпі мен дыбысы | 24. “Кел, балалар, оқылық” өлеңі |
| 2. “З” әрпі мен дыбысы | 25. “Ана тілің” өлеңін түсініп оқу |
| 3. «И» әрпі мен дыбысы | 26. Түлкішек |
| 4. «Ә» әрпі мен дыбысы | 27. Бақа |
| 5. «Х» әрпі мен дыбысы | 28. Күн, ай және қораз |
| 6. Әріптерді пысықтау | 29. Екі дос |
| 7. «Я» әрпі мен дыбысы | 30. Дыбыс және буын |
| 8. «Ю» әрпі мен дыбысы | 31. Санамақ |
| 9. «Я», «Ю» әріп, дыбыстарын қайталау | 32. Санамақ |
| 10. «Һ» әрпі мен дыбысы | 33. Қожанасыр қоржыны |
| 11. «Ф» әрпі мен дыбысы | 34. Не қалды? |
| 12. «Ё» әрпі мен дыбысы | 35. “Әже мен немере” |
| 13. «В» әрпі мен дыбысы | 36. “Отан” өлеңі |
| 14. Әріптерді пысықтау | 37. Улаанбаатар |
| 15. «Ч» әрпі мен дыбысы | 38. “Бесбоғда” өлеңі |
| 16. «Щ» әрпі мен дыбысы | 39. “Қобда өзен” өлеңі |
| 17. “Ц” әрпі мен дыбысы | 40. Ақылды қария |
| 18. «Щ», «Ч», «Ц» әріп, дыбыстарын қайталау | 41. Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш |
| 19. “Э” әрпі мен дыбысы | 42. Әке мен бала |
| 20. “Жіңішкелік белгісі” | 43. Байұлы |
| 21. “Айыру белгісі” | 44. Әдеп |
| 22. Әліпби | 45. Сауысқан мен қарға |
| 23. Әріп, дыбыс, сөз, сөйлемдерді қайталау | |

«Ана тілі» 2-сынып

- | | |
|---|---|
| 1. Кім? Не? Кімдер? Нелер? сұрақтарына жауап беретін сөздер | 16. Тыныс белгісін дұрыс қолданайық |
| 2. Не істеді? Неғылды? Қайтті? сұрақтарына жауап беретін сөздер | 17. Хайуанаттардың мінез-құлқын ажырату |
| 3. Көктем сәні | 18. Сауысқан мен көкек |
| 4. «Төрт мезгіл» ертегісі | 19. “Табиғатты аялау” тақырыбы бойынша қайталау |
| 5. Қандай? Қай? сұрақтарына жауап беретін сөздер | 20. Анамның тілі - аяулы үні |
| | 21. Өлеңдегі негізгі ойды түсініп оқу |
| | 22. Бесік жыры |

- | | |
|---|---------------------------------------|
| 6. Бес түлік мал | 23. Тыйым сөздер |
| 7. Төлдер | 24. Дүниеде жоқ бір күн |
| 8. Бес түліктің пірі | 25. Үш сом |
| 9. Қанша? Неше? Нешінші? сұрақтарына жауап беретін сөздер | 26. Өтірік өлең |
| 10. Жер ана | 27. “Қасқыр мен қозы” ертегіні аяқтау |
| 11. Шие талы | 28. “Түйе мен тышқан” ертегісі |
| 12. Бақша ағаштары | 29. “Үйшік” ертегісі |
| 13. Жақсылыққа жақсылық | 30. Санамақ |
| 14. Шағын тақпаққа еліктеп жазу | |
| 15. “Бұлбұл мен тоқылдақ” мысалдағы кейіпкерлер | |

«Ана тілі» 3-сынып

- | | |
|---|---|
| 1. Жануарлар суды қалай ішеді? | 17. Қайталау |
| 2. Көптік жалғауы | 18. Сөйлем түрлері |
| 3. Жалқы, жалпы есім | 19. Сөйлемнің түрлерін қайталау |
| 4. Гүлдер, көбелектер | 20. Мәтіндегі ақпараттың өзара сабақтастағын пайымдау |
| 5. Сын есімдер | 21. “Қамқорлық” мәтінмен жұмыс |
| 6. Он саусақ | 22. “Балалық шақ” өлеңі |
| 7. Етістік | 23. “Сан есім” қайталау |
| 8. Жұрнақ | 24. “Сын есім” қайталау |
| 9. “Қайталау” | 25. “Етістік” сөз табын қайталау |
| 10. “Наурыз” мәтінді түсініп оқу | 26. Сөз таптарын қайталау |
| 11. Нағыз адам | 27. “Құсбегі” |
| 12. “Бұршақ”, өлеңнің ұйқасын табу | 28. Алтын мүйізді киік |
| 13. Шағын өлеңге еліктеп жазу | 29. “Шаған мерекесі” |
| 14. Бала Абай | 30. Көп мағыналы сөздерді қайталау |
| 15. Қазақ халқының күйшілік өнері | |
| 16. “Керемет баға” мәтіндегі екеуара әңгімені тиісті ой екпінімен, ырғақпен оқу | |

«Ана тілі» 4-сынып

- | | |
|---------------------------------------|------------------------------------|
| 1. Біріккен сөздер | 15. «Ф» әрпінің жазылу емлесі |
| 2. Қысқарған сөздер | 16. “Х”, “Һ” әрпінің жазылу емлесі |
| 3. Кең байтақ туған елім /Қос сөздер/ | 17. «Ц» әрпінің жазылу емлесі |
| 4. Адам болам десеңіз | 18. «Щ» әрпінің жазылу емлесі |
| 5. Жай және құрмалас сөйлем | 19. Сауалнама толтыру |
| 6. Құмырсқа мен шегіртке | 20. Қолхат жазу |
| 7. Қобда өзен | 21. Өтініш жазу |
| 8. «Я» әрпінің жазылу емлесі | 22. Құлақтандыру жазу |
| 9. «Ю» әрпінің жазылу емлесі | 23. Алманың пайдасы |
| 10. Тоғыз құмалақ | 24. Жыл бойы өткенді қайталау |
| 11. Күрделі сөздерді дұрыс жазу | 25. “Теңбілшер досым - 1” комикс |
| 12. «Э» әрпінің жазылу емлесі | 26. “Теңбілшер досым - 2” комикс |
| 13. «Ё» әрпінің жазылу емлесі | 27. “Теңбілшер досым - 3” комикс |
| 14. «В» әрпінің жазылу емлесі | |

«Ана тілі» 5-сынып

1. Бәжіұлы Қаби
2. Өлеңнің мазмұнын өз сөзімен баяндау
3. Маңдай тер
4. Құмырысқа мен шегіртке
5. Үстеу
6. Табиғат - тал бесігім
7. “Қобда өзен” өлеңді түсініп оқып, мазмұнын айту
8. Шылау
9. Одағай сөз
10. Обал мен сауап
11. Сөйлем мүшелері
12. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері
13. “Мен не үйрендім?”
14. Әбестік
15. Ескелдіні сынамақ болған Төле би
16. Жүрек
17. “Қаңбақ шал” ертегісі
18. “Киіз үй”
19. “Сан есім” қайталау
20. “Сын есім” қайталау
21. “Піл мен маймыл” ертегі кейіпкерлеріне баға беру
22. Ұлттық ойындар
23. Тоқты-қошқар, бұзау-бұқа, лақ-теке
24. Жайлауда

3.1. ЕКІНШІ СЫНЫП

ТЕЛЕСАБАҚТАРДЫ ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН САБАҚ МАЗМҰНЫН ЖОСПАРЛАУ

Тарау аты	Мақсаты	сағаты	Оқу, оқыту міндеттері				Керекті құрал-жабдықтар
			Оқылым	Жазылым	Айтылым, тыңдалым	Түйінді білік	
Сауат ашу (Ү, з, и, ө х, я, ю, һ ф, ё, в, ч, щ, ц, э, ь, ъ әріптері мен дыбыстары)	Оқушыларды дұрыс оқуға, сөздер мен сөйлемдерді қатесіз жазуға, дұрыс сөйлей білуге үйрету	10	<ul style="list-style-type: none"> • Әріпті оқу; • Буын, сөз, сөйлем оқу • Буындап толық сөзбен оқу; • Мақал-мәтел, жұмбақ, өлең-тақпақ, санамақты мөнерлеп оқу; • Мәтінді келген жерінен жалғастырып оқу; • Мәтіннің кейбір бөлігін таңдап, қайталап оқу; 	<ul style="list-style-type: none"> • Әріп, буын, сөз, сөйлемді қатесіз, көркем жазу; • Берілген үлгі бойынша жазу; 	<ul style="list-style-type: none"> • Дыбысты тыңдау, айту; • Дыбысталуы жақын дыбыстарды өзара ажыратып, дұрыс дыбыстау; 	<ul style="list-style-type: none"> • Баспаша, жазбаша, үлкен, кіші әріптерді, дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырату. 	<ul style="list-style-type: none"> • Әліпби, жазу элемент үлгісі; • Сурет, көрнекі құралдар; • Телесабдақтардың жазбасы; • Шағын мәтіндер;
			5	<ul style="list-style-type: none"> • Оқыған шағын мәтінді көркем етіп көшіріп жазу; 	<ul style="list-style-type: none"> • Әліпбиді ретімен жатқа айту; • Сурет бойынша сөйлем құрап айту; 	<ul style="list-style-type: none"> • Сөйлемде кісі атын бас әріппен жазу; • Сөзді буынға бөлу; • Сөйлем соңына нүкте қою; 	
Мәтінмен жұмыс	Мәтінді дұрыс, түсініп оқу	5	<ul style="list-style-type: none"> • Шартты белгілерді түсініп оқу; • Шағын мәтіндерді салыстырып оқу; • Өзінің жазғанын қайта қадағалап оқу; • Минутына 25-тен төмен емес сөзді түсініп оқу; 	<ul style="list-style-type: none"> • Мәтіннен таңдаған бөлігін көшіріп жазу; • 15-20 сөзден тұратын бақылау диктантын жазу; 	<ul style="list-style-type: none"> • Мақал-мәтел, жұмбақ, өлең, тақпақ, санамақты мөнерлеп жатқа айту; • Шағын мәтіннің кейіпкерлерін атау, мазмұнын айту; 	<ul style="list-style-type: none"> • Балалар әдебиетінің үлгілері (шағын); • Оқиғалы топтама суреттер 	

III. БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

Оқу мақсаты: Оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушылардың оқу мақсаттарына жеткендігін тексеру және меңгерген білім, біліктерін анықтау.

Тыңдалым және айтылым

Бағалау талаптары:

- Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ертегі кейіпкерлерін атау;
- Мәтін мазмұнын жүйелі баяндау;

Орындау уақыты: 35 минут

Тыңдалым

Ертегіні тыңдап, тапсырмаларды орындайық.

Түлкі мен тырна (Ертегі)

Ертеде түлкі мен тырна дос болыпты. Бір күні түлкі тырнаны қонаққа шақырып: – Маған қонаққа кел, қымбаттым! Мен дәмді тамақ пісіріп қоямын, – дейді.

Тырна түлкіге қонаққа келеді. Түлкі оның алдына табаққа салынған ботқаны қойыпты да:

– Кел, қымбаттым, қысылма. Тамақ же, – депті. Тырна ұзын тұмсығымен жалпақ ыдыстағы ботқаны жей алмапты.

Келесі күні тырна түлкіні қонаққа шақырыпты. Ол түлкіге арнап салқын көже дайындайды. Көжені мойны тар құмыраға құйып береді. Түлкі қанша әуіреленсе де, құмырадағы тамақты жей алмайды. Түлкінің басы құмыраға сыймады. Ал тырна ұзын тұмсығымен өз тамағын өзі жей беріпті. Түлкі тамақ жей алмай, үйіне аш қайтады.

Осылайша түлкі мен тырна достықтарынан ажырапты.

Айтылым

1) *Ертегі кейіпкерлерін атайық.* _____

2) *Суреттерді ертегі оқиғасы бойынша нөмірлейік.*

(1, 2, 3, 4)

3) *Сұрақтардың көмегімен ертегі мазмұнын айтайық.*

- Ертегіде кімдер дос болды?
- Әрі қарай қандай оқиға болды?
- Ертегі қалай аяқталды?



Оқылым және жазылым

Бағалау талаптары:

- Буындап немесе тұтас сөздермен түсініп оқу;
- Сызбамен берілген сөйлемдерді оқу;
- Сөйлемдер бойынша мәтін құрастырып жазу;
- Мәтіндегі бас әріппен жазылуға тиісті сөздерді анықтау, сөздерді буынға бөлу.

Орындау уақыты: 35 минут

Оқылым

Мәтінді оқып, тапсырмаларды орындайық.

Саяхат

Нұрлан жазда Улаанбаатар қаласына барды. Қала көшелері кең. Әдемі гүлдерге толы. Онда зәулім, биік үйлер көп. Қалада көптеген оқу орындары, театрлар мен цирк бар.

Нұрлан циркке барды. Циркте хайуанаттар көп. Ол жануарлардың ойынын көрді. Сайқымазақтың өнерін тамашалады. Саяхат көңілді өтті.

1. Мәтінде кездесетін сөздерді белгілейік.

саяхат аю ағаш цирк

2. Мәтіннен сызбаға сәйкес келетін сөйлемді тауып, үлгіге жазайық.

3. Дауыссыз дыбыстарды дұрыс оқиық.

Ц С Ч Ш

Жазылым:

4. Мәтін бойынша сөйлемдердің ретін тауып, көшіріп жазайық. (1-4).

Нұрлан циркке барды.

Саяхат көңілді болды.

Ол сайқымазақтың өнерін тамашалады.


Циркте үйретілген хайуанаттар көп.

5. Берілген сөздерді буынға бөліп жазайық.

Гүлдер, өнерін

6. Мәтіндегі бас әріппен жазылатын сөздерді теріп жазайық.

Бағалау кестесі

Сөйлеудің түрлері	Тапсырма реті	Дұрыс жауабы	Ұпайы	Дұрыс <input checked="" type="checkbox"/> Бұрыс <input checked="" type="checkbox"/>	Бағалау талаптары	
Тыңдалым және айтылым	1	Түлкі мен тырна 	1		Кейіпкерлерді толық атау	
	2		1		Мәтіндегі оқиғаның ретін дұрыс анықтау;	
	3	Ертеде түлкі мен тырна дос болыпты. Олар бір-бірін қонаққа шақырыпты. Түлкі ботқаны табаққа салып беріпті. Тырна жей алмапты. Келесі күні түлкі тырнаның үйіне қонаққа келіпті. Тырна көжені құмыраға құйып беріпті. Түлкінің тұмсығы құмыраға сыймай, аш қалыпты. Содан бері түлкі мен тырна дос емес екен.	2		<ul style="list-style-type: none"> Оқиға желісін сақтай отырып, баяндау (Ертегі мазмұнына сәйкес басқа дұрыс жауаптар да қабылданады.); Жүйелі сөйлеу; 	
Оқылым және жазылым	4	Саяхат, цирк	1		Сөздерді буындап немесе тұтас оқу;	
	5	Ол жануарлардың ойынын көрді.	1		Мәтіннен сызбаға сәйкес сөйлемді табу;	
	6	Ц, с, ч, ш	1		Өріптерді дұрыс дыбыстап, оқу;	
	7	<ol style="list-style-type: none"> Нұрлан циркке барды. Циркте үйретілген хайуанаттар көп. Балалар сайқымазақтың өнерін тамашалады. Саяхат көңілді болды. 	2		Оқиға реті бойынша мәтін мазмұнын түсіну, қатесіз көшіріп жазу;	
	8	Гүл-дер, ө-не-рін	2		Сөздерді дұрыс буынға бөліп жазу;	
	9	Нұрлан, Улаанбаатар	1		Бас әріппен жазылуға тиісті сөздерден кем дегенде екі сөз табу;	

Ескерту: Мұғалімдер бағалау кестесі бойынша ұлай қою, шартты белгі қоюдың қайбірін қолдануға болады. Бағалауда ауытқушылық болдырмау үшін, жұмыс үлгілерін бағалау кестесіне сәйкес тексеру қажет.

Бағалау нәтижесіне арналған рубрика

Бағалау талаптары	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орташа	Жоғары
Тыңдау білігі Тыңдаған ертегінің кейіпкерлерін атау	Тыңдалған мәтінге қатысты сөз, сөйлемдерді ажыратуда, ертегі кейіпкерлерін атауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Тыңдалған мәтіндегі сөз, сөйлемдерді ажыратуда, ертегі кейіпкерлерін атауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Тыңдалған мәтінге қатысты сөз, сөйлемдерді, ертегі кейіпкерлерін дұрыс анықтайды. <input type="checkbox"/>
Сөйлеу (айту) білігі Мәтін мазмұнын жүйелі баяндау	Мәтіндегі оқиға желісін сақтауда және мазмұнын айтуда қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтіндегі оқиға желісін сақтауда және сөйлеуде қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Тыңдалған мәтіннің мазмұнын жүйелі айтады. <input type="checkbox"/>
Оқу білігі Буындап немесе тұтас сөздермен түсініп оқу; Сызбамен берілген сөйлемдерді оқу;	Екіден көп буынды сөздерді буындап, кейбірін қарыптап оқиды. Сызбаға сай келетін сөйлемді тауып оқуда қиналады. <input type="checkbox"/>	Сөздерді буындап, кейбірін тұтас сөзбен оқиды. 2-3 қате жібереді. Мәтіндегі сызбаға сай келетін сөйлемді табады. <input type="checkbox"/>	Мәтіндегі сөздерді тұтас сөзбен, түсініп оқиды. Сызбаға сай келетін сөйлемді тауып, үлгіге жазады. <input type="checkbox"/>
Жазу білігі Сөйлемдер бойынша мәтін құрастырып жазу	Сөйлемдердің ретін дұрыс таба алмайды. Көшіріп жазады. Қате көп жібереді. <input type="checkbox"/>	Тапсырманың шартын толық орындай алмайды. Көшіріп жазады. Қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Тапсырманың шартын толық орындайды. Қатесіз көшіріп жазады. Таза, көркем жазады. <input type="checkbox"/>
Түйінді білік Мәтіндегі бас әріппен жазылатын сөздерді анықтау, сөздерді буынға бөлу.	Мәтіндегі бас әріппен жазылатын сөздерді анықтауда қате жібереді, сөздерді буынға бөле алмайды. <input type="checkbox"/>	Мәтіндегі бас әріптердің қолданылу мақсаттарын шатастырады, сөздерді буынға бөлуде қателеседі. <input type="checkbox"/>	Мәтінде барлық орында үнемі бас әріппен жазылатын адам, қала аттарын дұрыс тауып жазады. Сөздерді буынға бөле алады. <input type="checkbox"/>

ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕ

Апта	Тарау	Тарау мақсаты	Кезекті сабақ мазмұны	Сағаты	Оқу міндеттері			Қосымша ақпараттар
					Айтылым, тыңдалым	Оқылым	Жазылым	
I	Сағат ашу кезеңі	Оқушылар дұрыс оқуға, сөздер мен сөйлемдерді қатесіз жазуға, дұрыс сөйлеу білуге үйрену	Бағалау сабағы	1	<ul style="list-style-type: none"> Буындап немесе тұтас сөздермен түсініп оқу; Сызба арқылы берілген сөйлемдерді оқу; Сөйлемдер бойынша мәтін құрастырып жазу; Мәтіндегі бас әріппен басталып жазылуға тиісті сөздерді анықтау, сөздерді буындап бөлу 	<ul style="list-style-type: none"> Жазу жолын, жоларалық кеңістікті сақтап, жазбаша, үлкен, кіші әріптерді әріп элементтерін талаптарға сай жазу; 	<ul style="list-style-type: none"> “Бастауыш сынып оқушыларының оқу шыдамдылығын бағалау құралдары” әдістемелік құрал; Әліпби; Жазу үлгісі; Сурет, көрнекі құралдар; Телесабақтардың жазбасы; Шағын мәтіндер. 	
			Ү, з дыбыс, әріптерін қайталау	1	<ul style="list-style-type: none"> Сөз құрамынан аталмыш дыбысты ажыратып тыңдау, айту; 	<ul style="list-style-type: none"> Әріпті оқу; Буын, сөз, сөйлемді баспаша, жазбаша дұрыс оқу; 	<ul style="list-style-type: none"> Жазу жолын, жоларалық кеңістікті сақтап, жазбаша, үлкен, кіші әріптерді әріп элементтерін талаптарға сай жазу; 	<ul style="list-style-type: none"> “Бастауыш сынып оқушыларының оқу шыдамдылығын бағалау құралдары” әдістемелік құрал; Әліпби; Жазу үлгісі; Сурет, көрнекі құралдар; Телесабақтардың жазбасы; Шағын мәтіндер.
			И, ә дыбыс, әріптерін қайталау	1	<ul style="list-style-type: none"> Дыбысталуы ұқсас дыбыстарды өзара ажыратып, дұрыс дыбыстау; 	<ul style="list-style-type: none"> Буындап толық сөзбен оқу; 	<ul style="list-style-type: none"> Кеңістікті сақтап, жазбаша, үлкен, кіші әріптерді әріп элементтерін талаптарға сай жазу; 	<ul style="list-style-type: none"> “Бастауыш сынып оқушыларының оқу шыдамдылығын бағалау құралдары” әдістемелік құрал; Әліпби; Жазу үлгісі; Сурет, көрнекі құралдар; Телесабақтардың жазбасы; Шағын мәтіндер.
			Я, ю дыбыс, әріптерін қайталау	1	<ul style="list-style-type: none"> Дыбысталуы ұқсас дыбыстарды өзара ажыратып, дұрыс дыбыстау; 	<ul style="list-style-type: none"> Буындап толық сөзбен оқу; 	<ul style="list-style-type: none"> Кеңістікті сақтап, жазбаша, үлкен, кіші әріптерді әріп элементтерін талаптарға сай жазу; 	<ul style="list-style-type: none"> “Бастауыш сынып оқушыларының оқу шыдамдылығын бағалау құралдары” әдістемелік құрал; Әліпби; Жазу үлгісі; Сурет, көрнекі құралдар; Телесабақтардың жазбасы; Шағын мәтіндер.
			Х, һ дыбыс, әріптерін қайталау	1	<ul style="list-style-type: none"> Дыбысталуы ұқсас дыбыстарды өзара ажыратып, дұрыс дыбыстау; 	<ul style="list-style-type: none"> Буындап толық сөзбен оқу; 	<ul style="list-style-type: none"> Кеңістікті сақтап, жазбаша, үлкен, кіші әріптерді әріп элементтерін талаптарға сай жазу; 	<ul style="list-style-type: none"> “Бастауыш сынып оқушыларының оқу шыдамдылығын бағалау құралдары” әдістемелік құрал; Әліпби; Жазу үлгісі; Сурет, көрнекі құралдар; Телесабақтардың жазбасы; Шағын мәтіндер.
			Ф, в дыбыс, әріптерін қайталау	1	<ul style="list-style-type: none"> Дыбысталуы ұқсас дыбыстарды өзара ажыратып, дұрыс дыбыстау; 	<ul style="list-style-type: none"> Буындап толық сөзбен оқу; 	<ul style="list-style-type: none"> Кеңістікті сақтап, жазбаша, үлкен, кіші әріптерді әріп элементтерін талаптарға сай жазу; 	<ul style="list-style-type: none"> “Бастауыш сынып оқушыларының оқу шыдамдылығын бағалау құралдары” әдістемелік құрал; Әліпби; Жазу үлгісі; Сурет, көрнекі құралдар; Телесабақтардың жазбасы; Шағын мәтіндер.
			Ц, ч, щ дыбыс, әріптерін қайталау	1	<ul style="list-style-type: none"> Дыбысталуы ұқсас дыбыстарды өзара ажыратып, дұрыс дыбыстау; 	<ul style="list-style-type: none"> Буындап толық сөзбен оқу; 	<ul style="list-style-type: none"> Кеңістікті сақтап, жазбаша, үлкен, кіші әріптерді әріп элементтерін талаптарға сай жазу; 	<ul style="list-style-type: none"> “Бастауыш сынып оқушыларының оқу шыдамдылығын бағалау құралдары” әдістемелік құрал; Әліпби; Жазу үлгісі; Сурет, көрнекі құралдар; Телесабақтардың жазбасы; Шағын мәтіндер.
			Э, ё дыбыс, әріптерін қайталау	1	<ul style="list-style-type: none"> Дыбысталуы ұқсас дыбыстарды өзара ажыратып, дұрыс дыбыстау; 	<ul style="list-style-type: none"> Буындап толық сөзбен оқу; 	<ul style="list-style-type: none"> Кеңістікті сақтап, жазбаша, үлкен, кіші әріптерді әріп элементтерін талаптарға сай жазу; 	<ul style="list-style-type: none"> “Бастауыш сынып оқушыларының оқу шыдамдылығын бағалау құралдары” әдістемелік құрал; Әліпби; Жазу үлгісі; Сурет, көрнекі құралдар; Телесабақтардың жазбасы; Шағын мәтіндер.
			Ь, ь таңба әріптерін қайталау	1	<ul style="list-style-type: none"> Дыбысталуы ұқсас дыбыстарды өзара ажыратып, дұрыс дыбыстау; 	<ul style="list-style-type: none"> Буындап толық сөзбен оқу; 	<ul style="list-style-type: none"> Кеңістікті сақтап, жазбаша, үлкен, кіші әріптерді әріп элементтерін талаптарға сай жазу; 	<ul style="list-style-type: none"> “Бастауыш сынып оқушыларының оқу шыдамдылығын бағалау құралдары” әдістемелік құрал; Әліпби; Жазу үлгісі; Сурет, көрнекі құралдар; Телесабақтардың жазбасы; Шағын мәтіндер.
			Нәтиже сабақ	1		<ul style="list-style-type: none"> Буындап немесе тұтас сөздермен түсініп оқу; Сызбамен берілген сөйлемдерді оқу; Жатжазу; 		

<p>III</p>	<p>Дыбыс, әріп, буын, сөз, сөйлем</p>	<p>Әліпби әріптерінен дыбыс оқу, жазу; Дыбыс әріп, сөз, сөйлем туралы білімдерін қайталау; Кәтесіз жазуға, дыбыс сөйлей білуге үйрену.</p>	<p>Әліпби</p>	<p>1</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Әліпбиді ретімен жатқа айту; • Тыңдап, оқып жатпаған өлең, тақпақтарын шаршы топ алдында мәнгерлеп оқу; 	<ul style="list-style-type: none"> • Әліпби әріптерін дұрыс оқу; • Дұрыс дыбыстау; • Өлең, тақпақтар оқу; 	<p>Әріп, сөз, сөйлемдерді кәтесіз, көркем, таза көшіріп жазу;</p> <ul style="list-style-type: none"> • Дауысты, дауыссыз дыбыстарды белгілеу; • Әріптерден сөз құрап жазу; • Сөздегі әріп, дыбыс санын анықтау; 	<ul style="list-style-type: none"> • «Әріптер әлемінде» - 42 әріпке арналған тақпақтар (1-сыныптың «Ана тілі» оқулығы, 121-126-бет); • “Әліпби”; • Телесабақтар; 		
					<p>1</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Әліпби әріптерін дұрыс оқу; • Дұрыс дыбыстау; • Өлең, тақпақтар оқу; 	<ul style="list-style-type: none"> • Өлең, тақпақтарды мәнгерлеп оқу; • Шаршы топ алдында жатқа оқу; 	<ul style="list-style-type: none"> • Қиын сөздерді буындап оқу; • Мақал-мәтел, жұмбақ, өлең, санамақтар оқу; 	<ul style="list-style-type: none"> • Суреттер; • Көрнекі құралдар; • Телесабақтардың бейне жазбасы; • Шағын мәтіндер; • “Бастауыш сынып оқушыларының оқу шыдамдылығын бағалау құралдары” әдістемелік құрал. 	
						<p>1</p>	<p>Сөзді буындап айту;</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Сөйлемді тұтас оқу; • Тыныс белгіге сай кідіріс жасап оқу; 	<ul style="list-style-type: none"> • Сөзді буынға бөліп жазу; • Жаттығулар орындау; 	
							<p>1</p>	<p>Сурет бойынша сөйлем құрап айту;</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Сөйлем құрап жазу; • Сөйлемді бас әріппен бастап, соңына нүкте қойып жазу; 	<ul style="list-style-type: none"> • Сөздерден сөйлем, сөйлемдер бойынша мәтін құрастыру; • Мәтіннен бас әріппен жазылатын сөздерді анықтау; • Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырату, сөздерді буынға бөлу, жатжазу;
								<p>1</p>	<p>Нәтиже сабақ</p>	

IV	Мәтінмен жұмыс	Мәтінді дұрыс, жылдам, түсініп оқу, мазмұнын айту					
4 апта			20 сағ				
Бағалау сабағы	1	Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ертегі кейіпкерлерін атау; • Мәтін мазмұнын оқиға реті бойынша жүйелі баяндауын бағалайтын тапсырмалар орындау	1	• Естігенін, көргенін әңгімелеу; • Мұғалімнің көмегімен мәтінде кім? не? туралы айтылғанын анықтау;	Сөз бен сурет аралас шағын мәтінді дауыстап, түсініп оқу;	• Мәтіндегі адам, хайуанаттар атын теріп жазу; • Кісі атын бас әріппен бастап жазу;	“Футбол”, “Ерлік жасаған екеу” мәтіндерімен жұмыстау;
Мәтін кейіпкерлерін атау	1	• Мәтінді зейін қойып тыңдау; • Мазмұнын әңгімелеу; • Сұраққа жауап беру, сұрақ қою;	1	• Мәтінді дұрыс жылдам оқу; • Суретті мәтінді реті бойынша орналастырып, түсініп оқу;	• Сұраққа жауап жазу; • Мәтінді қатесіз, таза, көркем етіп көшіріп жазу;	• “Әже мен немере”, “Екі дос” мәтіндері (1-сыныптың «Ана тілі» оқулығы, 121-126-бет); • Телесабақтар; • “Бастауыш сынып оқушыларының оқу шыдамдылығын бағалау құралдары” әдістемелік құрал;	
Шағын мәтіннің мазмұнын айту	1	• Мұғалімнің және достарының сөзін көңіл қойып тыңдау; • Өлеңнің екіден төмен емес шумағын жаттап, мәнерлеп айту;	1	Өлеңді дұрыс нақышпен мәнерлеп оқу;	• Өлең шумағын қатесіз, көркем жазу; • Берілген нұсқау бойынша толықтырып жазу;	• “Отан”, “Бесбоғда”, “Кел, балалар, оқылқ” өлеңдері; • Видеосабақтар;	
Өлеңді дұрыс, жылдам оқу	1	• Оқыған немесе тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, кейіпкерлерін атау; • Мәтін мазмұнын оқиға реті бойынша жүйелі баяндау; • Өлеңнен үзінді жаттап, шаршы топ алдында мәнерлеп оқу; • Минутына 25-тен төмен емес сөзді түсініп оқу;	1				
Нәтиже сабақ	1						

3.2. ҮШІНШІ СЫНЫП
ТЕЛЕСАБАҚТАРДЫ ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН САБАҚ МАЗМҰНЫН ЖОСПАРЛАУ

Тарау	Тарау мақсаты	Сағаты	Оқу, оқыту міндеттері				Қажетті құрал-жабдықтар
			Оқылым	Жазылым	Айтылым, тыңдалым	Түйінді білік	
Бес тұлкікті білейік		5	<ul style="list-style-type: none"> Шағын әңгіме, ертегі, өлеңді түсініп оқып, ондағы негізгі ойды анықтау; Ертегі, шағын әңгімелердегі хайуанаттар арқылы берілген адамға тән қасиет, сипаттарды түсініп оқу; 	<ul style="list-style-type: none"> Мәтіндегі кім?, не?, қайтті?, не істеді?, қандай?, қай?, неше?, нешенші? деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді тауып жазу; 	<ul style="list-style-type: none"> Басқаның айтқанын мұқият тыңдау; Түсінбегенін сұрап алу; 	<ul style="list-style-type: none"> Сұрақ қою арқылы сөздерді топтау; Кім?, не?, қайтті?, не істеді?, қандай?, қай?, қанша?, неше?, нешінші? деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді ажырату; 	<ul style="list-style-type: none"> Телесабактардың бейнежазбасы; Оқулық; Сурет, көрнекі құралдар; Шағын мәтіндер; Тірек сөздер кеспесі; Ұйқасын табуға арналған өлең-тақпақтар; Суретті және сызба ақпараттар жазылған үлгілер; Ойындар;
			<ul style="list-style-type: none"> Мәтінді рөлмен оқу; Өлең, мәтіндерден үзінді жаттап, шаршы топ алдында мәнерлеп жатқа оқу; Минутына 40-тан төмен емес сөзді түсініп оқу; 	<ul style="list-style-type: none"> Ертегі, шағын әңгіме мазмұнын сұрақ бойынша жазу; Берілген тірек сөздер бойынша шағын әңгіме жазу; Өлеңнің ұйқасын табу; Еліктеп тақпақ жазу; 30-40 сөзден тұратын бақылау диктантын жазу; 	<ul style="list-style-type: none"> Шығарма кейіпкерлерін атау; Шағын әңгіме, ертегі, мәтіндерге байланысты сұрақтарға жауап беру; Өз сөзімен баяндау; Сурет бойынша әңгімелесу; 	<ul style="list-style-type: none"> Жекеше, көпше түрлерін айыру; Сөйлемнің сөздерден құралатынын білу; Сөйлемнің тиянақты ойды білдіретінін білу; Сөйлемді бас әріппен бастап, соңына нүкте қойып жазу; Тыныс белгісін дұрыс қолдану; 	
Табиғатты аялайық	Оқушылар сөйлеу тілін жетілдіріп, әрбір зат, табиғат, қоғам туралы түсінігін кеңейтіп қалыптастырумен қатар, оқу, жазу біліктерін игеру.	7					
Сөз маржанын терейік		8					

БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Оқу мақсаты: Оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушылардың оқу мақсаттарына жеткендігін тексеру және меңгерген білім, біліктерін анықтау.

Тыңдалым және айтылым

Бағалау талаптары:

- Шағын мәтіндегі сөйлемдердің мағынасын ажырату;
- Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру;
- Мәтін мазмұнын жоспар бойынша әңгімелеу;
- Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беретін сөздерді анықтау;

Орындау уақыты: 35 минут

Тыңдалым: Әңгімені тыңдап, тапсырмаларды орында.

Қатқан нан

Арманның әкесі - наубайшы. Ол он жыл бойы үздіксіз нан пісіріп келеді. Таңертең ерте, күн шықпастан тұрып, жұмысына кетеді. Түс кезінде дүкендерге жаңа ғана пештен шыққан ыстық нан жеткізіледі. Мектеп асханасына да сондай нан әкелінеді.

Бүгін Арманның әкесі ауырып қалды. Он жыл ішінде ол алғаш рет жұмысына барған жоқ. Оның төсегінің жанында шешесі отыр.

- Арман, оқушылар бүгін жаңа піскен нан жемейді... – деді анасы жай ғана.

Түсте балалар асханаға келді. Үстел үстінде кешеден қалған нан жапырақтары қойылған.

- Бүгін неге қатқан нан берілген? – деп сұрады балалар.

- Менің әкем ауырып қалды, сондықтан бүгін қатқан нан жейміз, – деді Арман. Балалар қатқан нанның қиқымын еденге түсірмеуге тырысып, сақтықпен алып жеп отыр.

1. Мәтінде нақты жауабы бар сұрақты анықта.
 - a) Арманның шешесі қандай адам еді?
 - b) Жаңа піскен нанды асханаға кім әкеледі?
 - c) Арманның әкесі неліктен ауырып қалды?
 - d) Арманның әкесі кім болып жұмыс істейді?

2. Мәтінге сәйкес ақпаратты тап.
 - a) Үстел үстіне ыстық нан қойылған.
 - b) Балалар қатқан нанды жемей отыр.
 - c) Бүгін Арманның әкесі ауырып қалды.
 - d) Арманның әкесі жұмыстан көп қалады.

3. Берілген жоспар бойынша әңгіменің мазмұнын айтып бер.

Жоспар:

1. Арманның әкесі
2. Қатқан нан жапырақтары

4. Мәтіннен кестедегі сұрақтарға жауап беретін сөздерді ата.

Кім?	Не?	Қандай?	Не істеді?

Оқылым және жазылым

Бағалау талаптары:

- Мәтіннің мазмұны мен кейіпкерлерінің іс-әрекеті туралы нақты сұрақтар қойып, жауап беру;
- Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беретін сөздерді анықтап жазу;
- Сөйлем түрлерінің айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі) қою;
- Оқу сапасын (дұрыс, жылдам оқу) анықтау.

Орындау уақыты: 35 минут

Оқылым:

1. Мәтінді дұрыс, жылдам, түсініп оқы.

Бір күні хан балаларына әлемдегі ең ғажайып затты тауып әкелуді 10
тапсырады. Ханның үлкен ұлы бір кесек алтын, екіншісі қымбат тастарды 20
алып келеді. Ал ең кіші ұлы бір құмыра су әкеледі. Ағалары оған күледі. 34
Сонда ол: 35
– Мен бір жұтым су үшін барлық алтынын, бағалы тастарын берген 45
адамды көрдім. Жаңбырдан кейін құлпыра өскен гүлдер мен ағаштарды 54
көрдім. Мен судың әлемдегі ең ғажайып зат екенін осыдан түсіндім, - дейді. 65
Хан кіші баласына риза болып, батасын береді. 72

Оқыған сөз саны: **Қате саны:**

Жылдам оқудың уақытын белгілеу (секундпен):

10	15	20	25	30	35	40	45	50	55	60	65	70	75	80	85	90	95	100	105	

2. Хан балаларына қандай тапсырма берді?
_____.

3. Ханның кіші ұлы не алып келді? Белгіле. (☑).

бір кесек алтын
 бағалы тастар
 бір құмыра су

4. Мәтін бойынша 1 сұрақ құрастырып жаз.
.....

5. Мәтінде айтылатын негізгі ойға сәйкес келетін мақалды анықта.

Арық қазбасаң, су келмейді.
 Су бар жерде байлық бар.

Жазылым:

6. Сөйлемнен кестедегі сұрақтарға жауап беретін сөздерді тап. Кестенің әр бөлігіне сәйкесетін сөзді жаз.

Балалар қағаздан кішкентай қайық жасады.

Кім? Кімдер?	Не? Нелер?	Қандай?	Не істеді?

7. Берілген сөздерді қатыстырып, 3 сөйлем құрастырып жаз. Сөйлемнің соңына тиісті тыныс белгіні қой.

- а) Улаанбаатар, орналасқан, қаласы, жерде, қай
- б) Аймағымызда, тұрады, өкілдері, ұлт, көптеген
- с) Отаным, бер, гүлдене

Бағалау кестесі (Тыңдалым және айтылым)

Сөйлеудің түрлері	Тапсырма реті	Дұрыс жауабы	Қытай	Дұрыс <input checked="" type="checkbox"/> Бұрыс <input checked="" type="checkbox"/>	Бағалау талаптары
Тыңдалым және айтылым	1.	Арманның әкесі кім болып істейді? Арманның әкесі - наубайшы.	1		Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға нақты жауап беру;
	2.	Бүгін Арманның әкесі ауырып қалды.	1		Мәтінге сәйкес ақпаратты табу;
	3.	1. <i>Арманның әкесі</i> Арманның әкесі наубайшы болып істейді. Ол он жыл бойы үздіксіз нан пісіріп келеді. Танертең ерте, күн шықпастан тұрып жұмысына кетеді. Түс кезінде дүкендерге жаңа ғана пештен шыққан ыстық нан жеткізіледі. Мектеп асханасына да сондай нан әкелінеді. Бүгін Арманның әкесі ауырып қалды. 2. <i>Қатқан нан жалырақтары</i> Түсте балалар асханаға келді. Үстел үстінде кешеден қалған нан бөліктері қойылған. - Бүгін неге қатқан нан берілген? – деп сұрады балалар. - Менің әкем ауырып қалды, сондықтан бүгін қатқан нан жейміз, – деді Арман.	2		<ul style="list-style-type: none"> Оқиға желісін сақтай отырып, мәтінді жоспарға сай жүйелі мазмұндау; Сөз қайталамау; Сөздерді мағынасына сай дұрыс қолдану.
4	Кім? – Арман, әкесі, анасы, наубайшы, балалар, ... Не? – нан, асхана, үстел, төсек, ... Қандай? – жаңа, қатқан Не істеді? – ауырды, жеді, сұрады...	1		Кім?, Не?, Қандай?, Не істеді? сұрақтарына жауап беретін бір-бір сөз тауып айту.	
		Барлық ұпай	5		

Ескерту: Мұғалім бағалау кестесі бойынша ұпай қою, шартты белгі қоюдың қайбірін қолдана алады. Бағалауда ауытқушылық болмас үшін, жұмыс үлгілерін бағалау кестесіне сәйкес тексеру қажет.

Бағалау кестесі (Оқылым және жазылым)

Сөйлеудің түрлері	Тапсырма реті	Дұрыс жауабы	Ұпайы	Дұрыс <input checked="" type="checkbox"/> Бұрыс <input checked="" type="checkbox"/>	Бағалау талаптары
Оқылым және жазылым		1 минутта оқыған сөз саны: Қате саны:	1		Сөздерді буындап немесе тұтас оқу; қатесіз оқу; жылдам оқу; (Мәтінді 1 минуттан бұрын оқып бітсе, неше секундта аяқтағанын белгілеп қояды.)
		Әлемдегі ең ғажайып затты тауып әкелуді тапсырды. (ең керемет затты әкелуді, ең ғажайып затты табуды)	1		Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы, қысқа және толық жауаптар қабылданады.
		Бір құмыра су	1		Әріптерді дұрыс дыбыстап оқу;
		Ханның үлкен баласы не алып келді? (Ханның екінші ұлы қандай зат әкелді? Ағалары неге күлді? Ол судың ғажайып зат екенін қалай білді? Хан кіші ұлына неліктен риза болды?)	1		Мәтін мазмұнына сәйкес баламалы сұрақтар қабылданады.
		Су бар жерде байлық бар	1		Ертегі мазмұнына сәйкес мақалды табады.
		Балалар	1		
		Қағаз, қайық	1		
		Кішкентай	1		Сөздерге тиісті сұрақтарды қояды.
		Жасады	1		
		Улаанбаатар қаласы қай жерде орналасқан?	1		
	Аймағымызда көптеген ұлт өкілдері тұрады.	1		Тиісті тыныс белгіні қоя отырып, сұраулы, хабарлы, лепті сөйлем құрастырып жазады.	
	Отаным, гүлдене бер!	1			

Ескерту: Мұғалім бағалау кестесі бойынша ұпай қою, шартты белгі қоюдың қайбірін қолдана алады. Бағалауда ауытқушылық болмас үшін, жұмыс үлгілерін бағалау кестесіне сәйкес тексеру қажет.

Бағалау нәтижесіне арналған рубрика

Бағалау талаптары	Оқу жетістіктер деңгейі			Жоғары
	Төмен	Орташа	Жоғары	
Тыңдау білігі Шағын мәтіндегі сөйлемдердің мағынасын ажырату;	Мәтін мазмұнын тыңдағанда, зейіні тұрақсыз болғандықтан, сұрақтарға жауап беруде, мәтін мазмұнына сәйкес сөйлемдерді анықтауда қиналады.	Мәтін мазмұнын зейін қойып тыңдағанымен, жиі-жиі басқаға кедергі келтіреді. Тыңдаған мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруде/мәтін мазмұнына сәйкес сөйлемдерді анықтауда қателеседі.	Мәтін мазмұнын зейін қойып тыңдайды. Тыңдаған мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. Мәтін мазмұнына сәйкес сөйлемдерді анықтайды.	
Сөйлеу білігі Сұрақтарға жауап беру; әңгімелеу;	Мәтін мазмұны және жоспар бойынша сұрақтарға жауап беруде қиналады. Мұғалім көмегіне жүгінеді.	Берілген тақырыпқа сәйкес сөйлеуде, (тірек сөздерді қолдануда) мазмұнына қатысты сөздерді қолдануда қателіктер жібереді.	Жоспар бойынша мәтін мазмұнын, берілген тақырыпқа сәйкес ойын толық айта алады.	
Оқу білігі Оқу сапасын (дұрыс, жылдам оқу) анықтау.	Сөздерді көбінесе бір-бірден, өзіне сенімсіз, ретсіз оқиды. Минутына 40-тан төмен емес сөз оқиды.	Сөздерді көбінесе 3-4 сөзден топтап оқиды. Кейбір оқылуы қиын сөздерді оқығанда қателеседі. Минутына 41-60 сөз оқиды.	Сөйлемнің ұзақтығына қарамай, бөгетсіз топтап, мағынасына сай дауыс ырғағын түрлендіріп оқиды. Минутына 60-тан жоғары сөз оқиды.	
Жазу білігі Сөйлемнің тыныс белгілерін (., ? !) қою	Тиісті сөзді пайдаланып сөйлем құрауда қиналады. Тыныс белгілерді қоюда қателеседі. Сұраққа сәйкес келетін сөздерді жазуда басқаның көмегіне сүйенеді.	Мағыналы сөйлем құрастырады, кей тыныс белгілерден қателеседі. Сұраққа сәйкес келетін сөздерді тауып жазуда қателеседі.	Сөйлемді дұрыс құрастырып, тыныс белгілерін толық қойып, сұраққа сәйкес келетін сөздерді табады.	
Түйінді білік Сұрақтарға жауап беретін сөздерді анықтау	Кім?, Не?, Қандай?, Не істеді? сұрақтарына жауап беретін сөздерді табуда қателеседі.	Кім?, Не?, Қандай?, Не істеді? сұрақтарына жауап беретін сөздердің бірнешеуін табады.	Кім?, Не?, Қандай?, Не істеді? сұрақтарына жауап беретін сөздердің барлығын табады.	

ТЕЛЕСАБАҚТЫҢ МАЗМҰНДЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК САБАҚТАСТЫҒЫ

Апта	Тарау	Тарау мақсаты	Кезекті сабақ мазмұны	Сараты	Оқу міндеттері			Қосымша ақпараттар
					Айтылым, тыңдалым	Оқылым	Жазылым	
I	Бес түлкіті білекік	Оқушылар өз ойларын ауызша еркін жеткізе білуге үйренумен қатар дұрыс оқу, сауатты жазу білім дағдыларын қалыптастыру	Бағалау сабағы	1	<ul style="list-style-type: none"> Шағын мәтіндегі сөйлемдердің мағынасын ажыратады. Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. Мәтін мазмұнын жоспар бойынша еңгімелейді. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беретін сөздерді анықтайды. 	<ul style="list-style-type: none"> Өлеңнен кім? не? деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді тауып жазу; Жекеше, көпше түрде жазу; Қатесіз, таза, көркем жазу; 	Тыңдалым, айтылым бойынша бағалау тапсырмасы	
			Өлеңді дұрыс, мәнәрлеп оқу	1	<ul style="list-style-type: none"> Мал түлігі, олардың пайдасы, малшы еңбегі жайлы басқаның айтқанын мұқият тыңдау; Өз көрген, білгенін еңгімелеу; Өлеңді мәнәрлеп жатқа оқу; 	<ul style="list-style-type: none"> Өлеңді дауыстап, іштей дұрыс, түсініп оқу; Жаттау; Жаттағанын мәнәрлеп оқу; Мал түлігіне, төлге байланысты атауларды теріп оқу; 	“Төлді қалай шақырады?” (2-сыныптың «Ана тілі» оқулығы, 102-бет);	
			Өлеңді түсініп оқу	1	<ul style="list-style-type: none"> Басқаның оқығанын, айтқанын мұқият тыңдау; Өз көрген, білгенін еңгімелеу; Өлеңнің мазмұнын өз сөзімен баяндау; 	<ul style="list-style-type: none"> Өлеңді дұрыс, түсініп оқу; Жаттау; Жаттағанын мәнәрлеп оқу; 	“Тай мінемін” (2-сыныптың «Ана тілі» оқулығы, 106-бет);	
			Өлеңнің ұйқасын табу	1	<ul style="list-style-type: none"> Ертегінің мазмұнын баяндау; Сұраққа жауап беру; Өлеңнің ұйқасын табу; 	<ul style="list-style-type: none"> Ертегіні түсініп оқу; Рөлмен оқу; Өлеңнің ұйқасын тауып оқу; 	<ul style="list-style-type: none"> “Құлын, қозы, лақ” ертегісі; “Ол не?” өлеңі (2-сыныптың «Ана тілі» оқулығы, 112-бет) 	
			Нәтиже сабақ	1	<ul style="list-style-type: none"> Өлеңнің мазмұнын түсініп, еңгімелеу; Өлеңнің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру; Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беретін сөздерді анықтау; Өлеңді жаттап, жаттағанын шаршы топ алдында мәнәрлеп оқу; 			

Табигатты аяпайық		Оқушылар өз ойларын ауызша еркін жеткізе білуге үйренумен қатар, дұрыс оқу, сауатты жазу білім датдыларынын қалыптастыру	
<p>Бағалау сабағы</p> <p>1</p>	<p>Мәтіннің мазмұны мен кейіпкерлерінің іс-әрекеті туралы нақты сұрақтар қойып, жауап беру;</p> <p>Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беретін сөздерді анықтап жазу;</p> <p>Сөйлем түрлерінің айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі) қою;</p> <p>Оқу сапасын (дұрыс, жылдам оқу) анықтау;</p>	<p>Мәтіндегі қиын сөздермен жұмыстап, дұрыс, жылдам оқу;</p> <p>Мәтінді рөлмен оқу;</p>	<p>Жазылуы қиын сөздерді (ұя, жұмыртқа, шібі, екеуміз) есте сақтау;</p> <p>Қатесіз жазу;</p>
<p>Мәтіндегі негізгі ойды анықтау</p> <p>1</p>	<p>Басқаның айтқанын мұқият тындау;</p> <p>Сөздердің мағынасын ашу;</p> <p>Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру;</p> <p>Мәтіндегі негізгі ойды анықтау;</p>	<p>Мәтіндегі қиын сөздермен жұмыстап, дұрыс, жылдам оқу;</p> <p>Мәтінді рөлмен оқу;</p>	<p>Жазылуы қиын сөздерді (ұя, жұмыртқа, шібі, екеуміз) есте сақтау;</p> <p>Қатесіз жазу;</p>
<p>Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беру</p> <p>1</p>	<p>Ертегі мазмұнына сәйкесетін мақал-мәтелдер табу;</p> <p>Жануарларға байланысты жұмбақтар шешу, жаттау;</p> <p>Жоспар бойынша мәтін мазмұнын әңгімелеу;</p>	<p>Хайуанаттар арқылы берілген адами мінез-құлықтарды түсініп оқу;</p> <p>Мәтінді бөлімдерге бөліп оқу;</p> <p>Негізгі ойды анықтау;</p>	<p>Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме жазу;</p> <p>Сөйлемдерді толықтырып қатесіз, таза, көркем жазу;</p>
<p>Мәтінді рөлмен оқу</p> <p>1</p>	<p>Мәтін мазмұнын оқиға реті бойынша жүйелі әңгімелеу;</p> <p>Сұрақ қою, сұраққа жауап беру;</p> <p>Әңгімеден өзіне ұнаған жерін айту, әңгімелеу;</p>	<p>Мәтінді рөлмен оқу;</p> <p>Мәтіндегі түйін сөздерді тауып оқу;</p> <p>Түйін сөздердің мағынасын түсініп оқу;</p>	<p>“Бақша аташтары” (2-сыныптың «Ана тілі» оқулығы, 120-бет)</p>
<p>Мәтінде баяндалған оқиғаның мәнін түсініп оқу</p> <p>1</p>	<p>Шығарма кейіпкерлерін атау;</p> <p>Мәтін оқиғасын реті бойынша әңгімелеу;</p> <p>Мақал-мәтелдер жаттау;</p>	<p>Мәтінді іштей түсініп оқу;</p> <p>Мәтіннен берілген сұрақтарға сәйкес келетін сөйлемдерді тауып оқу;</p>	<p>“Жақсылыққа жақсылық” (2-сыныптың «Ана тілі» оқулығы, 124-бет);</p>

III	Тыныс белгілерін дұрыс қолдану	1	<ul style="list-style-type: none"> “Көжек досын қалай тапты?” ертегісін мұқият тыңдап, ондағы жануарлардың сөзін еліктеп айту; Сұрақтарға жауап беру; Сөйлем түрлерін ажырату; 	<ul style="list-style-type: none"> Ертегідегі жануарлардың сөзін дауыс ырғағымен оқу; Мәтінді рөлмен оқу; 	<ul style="list-style-type: none"> Сөйлемді бас әріппен бастап жазу; Соңына тиісті тыныс белгіні дұрыс қою; Таза, қатесіз, көркем жазу; Жатқа жазу; 	“Тыныс белгісін дұрыс қолданайық” телесабағы, (2-сыныптың «Ана тілі» оқулығының 126-бетіндегі тапсырмалар);	
		Неғиже сабақ	1	<ul style="list-style-type: none"> Табиғат, қоршаған орта, оны қорғауға байланысты білімдерін қайталау; Сызбаға сөйкес сөйлем құрап айту, жазу; Берілген тақырып, тірек сөздер, суреттер бойынша шағын әңгіме құрап жазу; 	“Табиғатты аялайық” тақырыбы бойынша қайталау телесабағы		
	Сөз мазманын тереіік	Бағалау сабағы	1	2-сыныптың «Ана тілі» оқулығының 150-бетіндегі тапсырмаларды орындайды.			
			Қайталау (Өріп, дыбыс)	1	<ul style="list-style-type: none"> Өлең мазмұнын өз сөзімен баяндау; Әуенге қосылып айту; 	Өлең мазмұнын қара сөзбен жазу;	«Анамның тілі» (2-сыныптың «Ана тілі» оқулығы, 131-бет);
		Қайталау (Сөздерді топтау)	1	<ul style="list-style-type: none"> Өлеңді жаттап, мәнерлеп оқу; Сұрақтарға жауап беру; 	Өлеңді мәнерлеп оқу;	Берілген сөздердің дыбыс, әріп санын жазу; Өлеңді оқып, жатқа жазу;	“Домбыра” өлеңі (2-сыныптың «Ана тілі» оқулығы, 134-бет);
			1	<ul style="list-style-type: none"> Санаматқы жаттау; Жаттағанын жатқа мәнерлеп айту; 	Санаматқы дұрыс, жылдам, түсініп оқу;	Сөздерді мағынасына қарай топтап жазу;	«Санаматқы» (2-сыныптың «Ана тілі» оқулығы, 140-бет);
		Ертегідегі хайуанаттарға мінездеме беру	1	<ul style="list-style-type: none"> Ертегіні тыңдау; Мазмұнын баяндау; Сұрақтарға жауап беру; Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетіне баға беру; 	<ul style="list-style-type: none"> Ертегіні түсініп оқу; Жыл ретін білдіретін өлеңді оқып, сөздердің басқы әріптерін есте сақтай отырып, жыл атауларын жаттау; 	<ul style="list-style-type: none"> 12 жылды ретімен жазып алу; Дәптерге таза, қатесіз, көркем жазу; 	<ul style="list-style-type: none"> “Түйе мен тышқан” ертегісі (2-сыныптың «Ана тілі» оқулығы, 142-бет); “Түйе мен тышқан” телесабағы;
			Жаңылтпашты жаңылмай, шапшаң оқу;	1	<ul style="list-style-type: none"> Жаңылтпаштарды ілесіп айту; Қайталау; 	Жаңылтпашты жаңылмай, шапшаң оқу;	Өлеңнің ұйқасын тауып жазу;
		Неғиже сабақ	1	Суреттегі оқиға желісі бойынша әңгіме құрастыру;	Жазған шығармасын басқаға оқып беру;	Суретке қарап әңгіме құрастырып жазу;	2-сыныптың «Ана тілі» оқулығының 126-бетіндегі суреттер;
			1	<ul style="list-style-type: none"> Минутына 40-тан төмен емес сөзді түсініп оқу, мазмұнын айту; 30-40 сөз аралығында диктант жазу; 			
IV	Неғиже сабақ	20 сағат					
4 апта							

3.3. ТӨРТІНШІ СЫНЫП

ТЕЛЕСАБАҚТАРДЫ ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН САБАҚ МАЗМҰНЫН ЖОСПАРЛАУ

Тарау	Тарау мақсаты	Сағаты	Оқу, оқыту міндеттері				Түйінді білік	Керекті құрал-жабдықтар
			Оқылым	Жазылым	Айтылым, тыңдалым	Түйінді білік		
Туған өлкем – мақтанышым	Оқушылар сөйлеу тілін жетілдіріп, оқу, жазу біліктерін ігерумен қатар, ербір зат, табиғат, қоғам туралы түсінігін кеңейтіп қалыптастыру	4	Шығармадағы оқиға тізбегін ажыратып оқу;	Өлеңнің мағынасын қара сөзбен жазу;	Басқаны тыңдап, соған қатысты өз пікірін білдіру;	Түбір мен қосымшаны, жұрнақ пен жалғауды ажырату;	Телесабактардың бейнежазбасы;	
			Жұмбақтың мәнін түсініп оқу;	Шығарма кейіпкерлерін сипаттап жазу;	Мәтіндегі ақпараттарды жинақтап айту;			Оқулық;
			Мәтіндегі екеуара әңгімені тиісті ой екіпіне сай, ырғақпен оқу;	Шығармадағы негізгі ойды тауып, бір сөйлеммен түйіндеп жазу;	Суретке қарап ертегі, аңыз, әңгімені толықтырып баяндау;			Сурет, көрнекі құралдар;
			Ертегі, аңыз, әңгімелердегі кейіпкерлерге мінездеме берілген тұстарды тауып, ғибрат алып оқу;	Берілген тірек сөздер мен сурет бойынша шағын әңгіме жазу;	Зат есім, сын есім, сан есім, етістікті сұрақ қою			Үлестірме материалдар;
Ұлттық мирас – Атамұра		4	Мәтіннен өзіне қажетті ақпаратты таңдап, маңыздысын белгілеп, салыстыра, қорытынды жасап оқу;	Жат жазу;	Мәтіндегі бөлімдерге бөлу;	Шығармадағы мағыналық түрлерін ажыратып, тыныс белгілерін дұрыс қою;	Шығармадағы мағыналық түрлерін ажыратып, тыныс белгілерін дұрыс қою;	Шығармадағы мағыналық түрлерін ажыратып, тыныс белгілерін дұрыс қою;
Айналаамды танып, білгім келеді		4	Мәтіннен өзіне қажетті ақпаратты таңдап, маңыздысын белгілеп, салыстыра, қорытынды жасап оқу;	Жат жазу;	Мәтіндегі бөлімдерге бөлу;	Зат есім, сын есім, етістікті сұрақ қою	Шығармадағы мағыналық түрлерін ажыратып, тыныс белгілерін дұрыс қою;	
Не үйреніп, не білдік?		4	Кесте, сызба, сұлба түріндегі ақпараттарды оқу;	40-50 сөзден тұратын бақылау диктантын жазу;	Мәтіндегі бөлімдерге бөлу;	Зат есім, сын есім, етістікті сұрақ қою	Шығармадағы мағыналық түрлерін ажыратып, тыныс белгілерін дұрыс қою;	
			Минутына 60-тан төмен емес сөзді түсініп оқу;		Мәтіндегі бөлімдерге бөлу;	Зат есім, сын есім, етістікті сұрақ қою	Шығармадағы мағыналық түрлерін ажыратып, тыныс белгілерін дұрыс қою;	

БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Оқу мақсаты: Қазақ тілі оқу бағдарламасының мазмұн аясы бойынша білім алушылардың оқу міндеттерінің орындалуын тексеру және меңгерген білім, біліктерін анықтау.

Тыңдалым және айтылым

Бағалау талаптары:

- Тыңдаған мәтіннің тақырыбын, оқиғалар ретін анықтай алуы;
- Тірек сөздердің көмегімен екеуара әңгіме құрастырып айтуы;

Орындау уақыты: 40 минут

Тыңдалым: Мәтінді тыңдап, тапсырмаларды орында.

Қорқыт ата – ұлы сазгер, қобызшы. Ол туралы аңыздар өте көп. Аңыз бойынша Қорқыт ата қобызбен күй тартқанда, суға батпайды екен. Оның күйін естіген кезде адамдар мен жан-жануарлар тоқтай қалып, тыңдапты. Бірде Қорқыт ата ұйықтап кеткенде, оны жылан шағып алыпты.

Қазір Қызылорда облысында Қорқыт атаға арналған кесене бар. Одан қобыздың үні естіліп тұрғандай болады.

1. Мәтін кім туралы? _____
2. Мәтін бойынша сөйлемдердің ретін көрсет (1,2,3).

Қорқыт ата шаршап, ұйықтап кетеді.



Қорқыт ата көп уақыт қобыз тартады.



Қорқыт атаны жылан шағып алады.



Айтылым:

3. Тірек сөздерді пайдалана отырып, “Музыкалық аспаптар” тақырыбында екеуара әңгіме құрастыр.

Тірек сөздер: домбыра, қобыз, сазсырнай, баян, ішекті аспаптар, үрмелі аспаптар, ұлттық аспап, сазбалшықтан, ағаштан, ән, күй, концерт, музыка.

Оқылым, жазылым

Бағалау талаптары:

Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қойып, жауап беруі;

Мәтіннің құрылымдық бөліктерін сақтай отырып, мазмұнын жүйелі баяндауы;

Көптік жалғаулы сөздерді анықтауы, қосымшаларды орынды қолдануы;

Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажыратуы, тыныс белгілерін дұрыс қолдануы.

Орындау уақыты: 40 минут

Оқылым: Мәтінді оқып, тапсырмаларды орында.



Құмырсқа мен қоңыз бір сыныпта оқып жүрді. Құмырсқа жақсы оқиды. Ал қоңыздың күнделігі нашар бағаға тола берді. Бір күні ол құмырсқадан:

- Сенің жақсы оқуыңның сыры неде? – деп сұрады.
- Оның сыры уақыт кестесінде, - деді құмырсқа.
- Уақыт кестесі деген не? – деп таңғалды қоңыз.
- Ол - уақытты дұрыс бөлу, тиімді пайдалану, - деді құмырсқа.

Қоңыз өзінің уақыт кестесін жасады. Бірақ оның көп бөлігін ойынға арнады.

1. Құмырсқа неліктен жақсы оқиды? _____

2. Өр кейіпкердің іс-әрекетіне қатысты бір сұрақ құрастырып жаз.

3. Достарың құрастырған сұрақтардың біріне жауап жаз.

4. Құмырсқа мен қоңыз туралы мәтіннің мазмұнын жаз.

Тірек сөздер: құмырсқа мен қоңыз, бір сыныпта оқиды, жақсы, нашар, сырын сұрады, уақыт кестесін жасады, уақытты дұрыс бөлді, таңғалды, ойынға бөлді.

5. Зат есімдерді көпше түрде жаз.

Жекеше

Құмырсқа

Қоңыз

Көпше

.....

.....

6. Сөйлемдерге тиісті тыныс белгілерді қой.

- а) Қоңыздың уақыт кестесін жасау себебі неде
- б) Құмырсқа қандай еңбекқор жәндік
- с) Құмырсқа мен қоңыз білім алады

Бағалау кестесі (Тыңдалым және айтылым)

Сөйлеудің түрлері	Тапсырма реті	Дұрыс жауабы	Ұпайы	Дұрыс <input checked="" type="checkbox"/> Бұрыс <input checked="" type="checkbox"/>	Бағалау талаптары
Тыңдалым және айтылым	1.	Қорқыт ата	1		Мәтін тақырыбын анықтау;
	2.	Қорқыт ата көп уақыт қобыз тартады. (1) Қорқыт ата шаршап, ұйықтап кетеді. (2) Қорқыт атаны жылан шағып алады. (3)	1		Оқиға ретін анықтау;
	3.	Жоба: - Анар, мынау қандай аспап? - Бұл – домбыра - Домбыра қандай аспап? - Ол - қазақ халқының ұлттық аспабы. Домбыра ішекті аспаптарға жатады. - Оны қалай ойнайды? - Домбыраны шертіп ойнайды	1		<ul style="list-style-type: none"> • Тақырыпқа сәйкесетін екеуара әңгімені қабылдау; • Тақырыпқа сәйкес сұрақтар қою; • Сұрақтарға лайықты жауап беру;
		Барлық ұпай	4		<ul style="list-style-type: none"> • Сөйлемдердің құрылымын сақтау; • Тірек сөздерді орынды қолдану;

Ескерту: Мұғалімдер бағалау кестесі бойынша ұпай қою, шартты белгі қоюдың қайбірін қолдануға болады. Бағалауда ауытқушылық болмас үшін, жұмыс үлгілерін бағалау кестесіне сәйкес тексеру қажет.

Бағалау кестесі (Оқылым және жазылым)

Сөйлеудің түрлері	Тапсырма реті	Дұрыс жауабы	Ұпайы	Дұрыс бұрыс	Бағалау талаптары
Оқылым және жазылым	1.	Себебі, ол уақытын дұрыс пайдаланады. Ол уақыт кестесін дұрыс жасаған. Ол әр іске уақытын дұрыс бөледі.	1	<input checked="" type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>	Тапсырма мазмұнына сәйкес қысқа және толық жауаптар қабылданады.
	2.	Құмырсқа қалай оқиды? Ол уақытын қалай пайдаланады? Қоңыздың күнделігі қандай бағаға толды? Ол құмырсқадан не туралы сұрады? Қоңыз уақытын қалай бөлді?	1		Мәтін мазмұнына сәйкес баламалы сұрақтар мен жауаптар қабылданады.
	3.	Құмырсқа жақсы оқиды. Ол уақытын дұрыс бөледі. Қоңыздың күнделігі нашар бағаға толды. Ол құмырсқадан жақсы оқуының сырын сұрады. Қоңыз уақытының көбін ойынға арнады.	1		Мәтін мазмұнына сәйкес сұрақтар мен жауаптар нұсқасы қабылданады.
	4.	Қоңыз бен құмырсқа бір сыныпта оқиды. Құмырсқа жақсы, ал қоңыз жаман оқиды. Оның күнделігі нашар бағаға толады. Қоңыз құмырсқадан жақсы оқуының сырын сұрайды. Құмырсқа уақытты дұрыс бөлу керек дейді. Қоңыз өзіне уақыт кестесін жасайды. Бірақ көп уақытты ойынға бөледі.	1		<ul style="list-style-type: none"> Мәтіннің құрылымдық бөліктерін сақтай отырып, мазмұнын жүйелі жазады. Сөйлемдердің құрылымын сақтайды. Тірек сөздерді орынды қолданады.
	5.	Құмырсқалар, қоңыздар	1		Орфографиялық нормаларды сақтайды (3 қатеден артық емес).
	6.	Қоңыздың уақыт кестесін жасау себебі неде? Құмырсқа қандай еңбекқор! Олар бір сыныпта оқиды.	1 1 1		<ul style="list-style-type: none"> Көптік жалғаулы сөздерді анықтайды. Қосымшаларды орынды қолданады. Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажыратып, сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қолданады.
Барлық ұпай			10		

Ескерту: Мұғалімдер бағалау кестесі бойынша ұпай қою, шартты белгі қоюдың қайбірін қолдануға болады. Бағалауда ауытқушылық болмас үшін, жұмыс үлгілерін бағалау кестесіне сәйкес тексеру қажет.

Бағалау нәтижесіне арналған рубрика

Бағалау талаптары	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орташа	Жоғары
Тыңдау білігі Мәтіннің тақырыбын және оқиғалар ретін анықтау	Мәтін тақырыбы мен мәтіндегі оқиғаның ретін анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің тақырыбын/ мәтіндегі оқиғаның ретін анықтауда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің тақырыбын және оқиғаның ретін дұрыс анықтайды. <input type="checkbox"/>
Сөйлеу білігі Тірек сөздердің көмегімен баяндау	Тақырыпқа қатысты сөздерді анықтауда және мәтін мазмұнын баяндауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Тақырыпқа қатысты сөздерді анықтауда/мәтін мазмұнының жүйесін сақтауда/тілдік нормаларды сақтап сөйлеуде қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Тақырыпқа қатысты сөздерді анықтайды және мәтін мазмұнын жүйелі баяндайды. <input type="checkbox"/>
Оқу білігі Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қойып, жауап беру	Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастыруда және сұрақтарға жауап беруде қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастыруда/мәтін бойынша сұрақтарға жауап беруде қателеседі. <input type="checkbox"/>	Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қояды және сұрақтарға дұрыс жауап береді. <input type="checkbox"/>
Жазу білігі Тірек сөздерді қолдана отырып, мәтін мазмұнын және екеуара әңгіме жазу	Тілдік нормаларды сақтай отырып, берілген тақырып аясында мәтін мазмұнын және екеуара әңгіме құруда қиналады. <input type="checkbox"/>	Тілдік нормаларды сақтай отырып, тақырыпқа сәйкес мәтін мазмұнын және екеуара әңгіме құрастыруда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Тілдік нормаларды сақтай отырып, берілген тақырып аясында екеуара әңгіме және мәтін мазмұнын құрап жазады. <input type="checkbox"/>
Түйінді білік Жалғауларды, тыныс белгілерді орынды қолдану	Көптік жалғауларын қолдануда, сөйлемнің айтылу мақсатына қарай тыныс белгісін қоюда қиналады. <input type="checkbox"/>	Көптік жалғауларын қолдануда, сөйлемнің айтылу мақсатына қарай тыныс белгісін қолдануда қате жібереді. <input type="checkbox"/>	Көптік жалғауларын және сөйлемнің айтылу мақсатына қарай қойылатын тыныс белгілерін орынды қолданады. <input type="checkbox"/>

ТЕЛЕСАБАҚТЫҢ МАЗМҰНДЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК САБАҚТАСТЫҒЫ

Апта	Тарау	Тарау мақсаты	Кезекті сабақ	Сағаты	Игеретін біліктер			Қосымша ақпараттар
					Айтылым тыңдалым	Оқылым	Жазылым	
I	Туған өлкем - мақтаншыым	Оқушылар сөйлеу тілін жетілдіріп, оқу, жазу біліктерін игерумен қатар, әрбір зат, табиғат, қоғам туралы түсінігін кеңейтіп қалыптастыру	Бағалау сабағы	1	<ul style="list-style-type: none"> Тыңдаған мәтіннің тақырыбын, оқиға ретін анықтай алуы; Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қойып, жауап беруі; Мәтіннің құрылымдық бөліктерін сақтай отырып, мазмұнын жүйелі баяндауы; 			
			Шығарманың басталу, өрбу, аяқталу тұстарын анықтау	1	<ul style="list-style-type: none"> Мәтіннің құрылымдық бөліктерін сақтай отырып, мазмұнын жүйелі баяндау; Мәтінді бөлімдерге бөлу, ат қою; 	Шығарма қалай басталып, қалай өрбігеніне, қалай аяқталғанына мән беріп оқу;	<ul style="list-style-type: none"> Мәтіннің тақырыбын, оқиғалар ретін анықтап жазу; Өмір сүріп отырған аймақ, сұмын, бақ атын дұрыс жазу; 	Қосымша тапсырмалардан 7-нұсқа;
			Шығарма жазу тәсілін игеру (баяндау мәтіні)	1	<ul style="list-style-type: none"> Түйін сөздер арқылы жоспар құру; Өңгімелеу; 	Түйін сөздерді пайдалана отырып, жазған шығармасын басқаға оқып беру;	<ul style="list-style-type: none"> Түйін сөздер арқылы жоспар құру; Жоспар бойынша шығарма жазу; 	“Бастауыш сынып оқушыларының оқу білігін дамытуға, бағалауға арналған әдістемелік құрал”
			Шығармадағы оқиға тізбегін ажырату	1	Мәтіндегі мазмұндық бөліктерді атау;	Шығармадағы оқиға тізбегін ажыратып оқу;	Түбір мен қосымшаны, жұрнақ пен жалғауды ажыратып жазу;	

<p>II</p> <p>Ұлттық мирас - Атамұра</p> <p>Оқушылар сөйләу тілін жетілдіріп, оқу, жазу біліктерін игерумен қатар, ербір зат, табиғат, қоғам туралы түсінігін кеңейтіп қалыптастыру</p>		<p>Мәтіннен өзінше қажетті ақпаратты таңдап, маңыздысын белгілеп, салыстыра, қорытынды жасау;</p>	<p>1</p>	<p>Мәтіндегі ақпараттарды жинақтап айту;</p>	<p>Мәтіннен өзінше қажетті ақпаратты таңдап, маңыздысын белгілеп оқу;</p>	<p>Сөйлемнің мағыналық түрлерін ажыратып, тыныс белгілерін дұрыс қою;</p>	<ul style="list-style-type: none"> Телесабақтар бейнежазбасы; “Құсбегі” (3-сыныптың «Ана тілі» оқулығы, 141-бет);
				<p>Мәтіннен өзінше қажетті ақпаратты таңдап, маңыздысын белгілеп, салыстыра, қорытынды жасау;</p>	<p>1</p>	<p>Мәтіндегі ақпараттарды жинақтап айту;</p>	<p>Мәтіннен өзінше қажетті ақпаратты таңдап, маңыздысын белгілеп оқу;</p>
<p>Сурет түрінде берілген мәтінді сөзбен жазу;</p> <p>Мәтін оқиғасын жалғастырып, аяқтау;</p>	<p>1</p>	<p>Суретке қарап ертегі, аңыз, әңгімені толықтырып баяндау;</p>	<p>Сурет және тірек сөздер бойынша жазған шығармасын басқаға оқып беру;</p>	<p>Берілген тірек сөздер, сурет бойынша шағын әңгіме жазу;</p> <p>Ертегі, аңыз, әңгімені толықтырып, аяқтау;</p>	<ul style="list-style-type: none"> 3-сыныптың «Ана тілі» оқулығы, 86, 89, 132-беттер; Қосымша тапсырмадан 4-нұсқа; 		
<p>Нәтиже сабағы</p>	<p>1</p>	<p>Оқыған, тыңдаған мәтіннің құрылымдық бөлігін, оқиға ретін анықтай алуы;</p> <p>Мәтіннің құрылымдық бөліктерін сақтай отырып, мазмұндауы;</p> <p>Тірек сөздердің көмегімен шығарма құрастырып жазуы;</p> <p>Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажырату, тыныс белгілерін дұрыс қолдануы;</p> <p>Сөз құрамы, сөйлем түрлерін ажыратуы;</p>					

III	Айналымды танып, білім келеді	Оқушылар сөйлеу тілін жетілдіріп, оқу, жазу біліктерін игерумен қатар, әрбір зат, табиғат, қоғам туралы түсінігін кеңейтіп қалыптастыру	Бағалау сабағы	1	<ul style="list-style-type: none"> • Өлең, жаңылтпаштың ұйқасын табуы; • Оқыған шығарма бойынша белгілеу жасауы; • Тірек сөздердің көмегімен екеуара әңгіме құрастырып жазуы; 		
			Кесте, сызба, сұлба түріндегі ақпараттарды оқып түсіну;	1	<ul style="list-style-type: none"> • Сөздерді мағынасына қарай топтап ажырату; • Сұрақ қою; 	<ul style="list-style-type: none"> • Ақпаратты кесте, сызба түрінде жазу; • Кесте, сызба, сұлбаны қара сөзбен жазу; 	<ul style="list-style-type: none"> • “Қазақ халқының күйшілік өнері” (3-сыныптың «Ана тілі» оқулығы, 107-109-бет);
			Өлеңнің ұйқасын табу;	1	Өлеңнің ұйқасын тауып, мағынасын қара сөзбен айту;	Өлеңнің ұйқасын тауып оқу;	<ul style="list-style-type: none"> • “Бұршақ” өлеңі (3-сыныптың «Ана тілі» оқулығы 106-бет); • “Өлеңнің ұйқасын табу” телесабақтың бейнежазбасы;
			Мәтіндегі екеуара әңгімені тиісті ой екіні, ырғақпен оқу (диалог);	1	Басқаны тыңдап, оған қатысты өз пікірін білдіру;	<ul style="list-style-type: none"> • Мәтіндегі екеуара әңгімені тиісті ой екіні, ырғақпен оқу; • Рөлмен оқу; 	<ul style="list-style-type: none"> • Тірек сөздердің көмегімен екеуара әңгіме құрастырып жазу;

IV	Не үйреніп, не білдік?	Оқушылар сөйлеу тілін жетілдіріп, оқу, жазу біліктерін игерумен қатар, әрбір зат, табиғат, қоғам туралы түсінігін кеңейтіп қалыптастыру	Өлеңнің мағынасын қара сөзбен жазу;	1	Өлеңнің мазмұнын қара сөзбен айту;	Өлеңді мәнерлеп, түсініп оқу;	Өлеңнен түсінгенін қара сөзбен жазу;	<ul style="list-style-type: none"> “Балалық шақ” (3-сыныптың «Ана тілі» оқулығы, 136-бет); “Өлеңнің мағынасын қара сөзбен жазу” телесабақтың бейнежазбасы;
			<ul style="list-style-type: none"> Мәтіндегі ақпараттың өзара сабақтастығын пайымдау; Оқыған шығармасы бойынша белгілеу жасау; 	1	<ul style="list-style-type: none"> Мәтіндегі ақпаратты баяндап үйрену; Шығармадағы негізгі ойды әңгімелеу; 	Мәтіндегі ақпаратты тауып оқу (Негізгі ойды тауып оқу);	<ul style="list-style-type: none"> Мәтіндегі ақпаратты топтап, қорытындылап жазу; Оқыған шығарма бойынша белгілеу жасау; 	<ul style="list-style-type: none"> Телесабақтар бейнежазбасы; “Ауа, су, күн” (3-сыныптың «Ана тілі» оқулығы, 133-134-бет);
4 апта			Өлеңтің мағынасын қара сөзбен жазу;	1	Өлеңтің мазмұнын қара сөзбен айту;	Өлеңті мәнерлеп, түсініп оқу;	Өлеңнен түсінгенін қара сөзбен жазу;	<ul style="list-style-type: none"> “Алтын мүйізді киік” (3-сыныптың «Ана тілі» оқулығы, 144-147-бет);
			Нәтиже сабағы	1	<ul style="list-style-type: none"> Ертегі, аңыз, әңгімелердегі кейіпкерлерді мінездеме берілген тұстарды тауып, ғибрат алып оқу; 	Ертегі, аңыз, әңгімелердегі кейіпкерлерге мінездеме берілген тұстарды тауып, ғибрат алып оқу;	Шығармадағы кейіпкерлерді сипаттап жазу;	<ul style="list-style-type: none"> Өлең, жаңылтпаштың ұйқасын табу; Оқыған шығарма бойынша белгілеу жасау; Тірек сөздердің көмегімен екеуара әңгіме құрастырып жазу;
				16 сағат				

3.4. БЕСІНШІ СЫНЫП

ТЕЛЕСАБАҚТАРДЫ ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН САБАҚ МАЗМҰНЫН ЖОСПАРЛАУ

Тарау	Тарау мақсаты	Сағаты	Оқу, оқыту міндеттері				Қажетті құрал-жабдықтар
			Оқылым	Жазылым	Айтылым, тыңдалым	Түйінді білік	
Білімізді шыңдайық	Оқушылар дұрыс, жылдам, түсініп, мәнгерлен оқу дағдыларын игерумен қатар, мәтінді кешенді талдауға үйрену	4	<ul style="list-style-type: none"> Шығарма кейіпкерлерін сипаттап, суреттеген тұстарын теріп оқу; Шығармадағы негізгі ой мен қосалқы ойды пайымдап оқу; Ғиبرات өлең, мақал-мәтел, нақыл сөздердің өнегесін түсініп, жатқа оқу; Мәтіндегі деректерді теріп оқу; Мәтіндегі ақпараттар мен деректерді салыстырып оқу; Минутына 70-тен төмен емес сөзді түсініп оқу; 	<ul style="list-style-type: none"> Ертегі, әңгімеге еліктеп, өз ойымен өзгертіп жазу; Шығарма кейіпкерлеріне мінездеме жазу; Шығармадағы негізгі ой мен қосалқы ойды тауып жазу; Заттар мен құбылыстар жайлы сипаттап жазу; Екеуара әңгіме құрап жазу; Үлгі бойынша сауалнама, өтініш, қолхат, құлақтандыру жазу; 50-60 сөзден тұратын бақылау диктантын жазу; 	<ul style="list-style-type: none"> Бейнелеп сөйлеуге тырысу; Мәтіннен алған әсерін әңгімелеу; Мәтіннен іріктеп алған ақпаратты түсіндіру, топтап айту; Шаршы топ алдында өзін таныстыру; Шығарма кейіпкерлерін салыстырып, суреттеу, мінездеу; 	<ul style="list-style-type: none"> Э, в, ф, ц, ч, щ, х, һ дыбыстарын емлесі бойынша дұрыс айтып, дұрыс жазу; Қосымшалы сөздерді құрамына талдау; Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемді ажыратып, тыныс белгілерін дұрыс қою; Сипаттау мәтінін жазу; Түсіндірме сөздікті пайдаланып, сөздік қорын молайту; 	<ul style="list-style-type: none"> Телесабактардың бейнежазбасы; Оқулық; Сурет, көрнекі құралдар; Үлестірмелі материалдар; Шағын мәтіндер; Тірек сөздер кеспесі; Ұйқасын табуға арналған өлең-тақпақтар; Суретті және сызба ақпараттар жазылған үлгілер; Ойындар; Сауалнама, өтініш, қолхат, құлақтандыру жазу үлгілері;
			Сауаттылық - саналылық	4			
Оқиық та тоқыық							

БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАРЫ

Оқу мақсаты: Қазақ тілі оқу бағдарламасының мазмұн аясы бойынша білім алушылардың оқу міндеттерінің орындалуын тексеру және меңгерген білім, біліктерін анықтау.

Тыңдалым және айтылым

Бағалау талаптары:

Мәтінде көтерілген мәселені анықтап, тұжырымдай алуы;
Мәтіннің мазмұнына қатысты көзқарасын айта алуы;
Ойын еркін, дәлелді, әсерлі жеткізуі;
Мәтіннің құрылымдық бөліктерін сақтауы;

Орындау уақыты: 40 минут

Тыңдалым:

Зейін қоя тыңдап, тапсырмаларды орында.

Табиғаттың жаратылысында шек жоқ. Аласармас тауларының өзі не тұрады? Асқар шыңы бұлтқа малынған тауларға қарап, кез келген жанның шабытқа кенелері сөзсіз. «Таулы жер бұлақсыз болмас, сулы жер құрақсыз болмас». Төрткүл дүниеде тайдай тулаған асау өзен-көл қаншама! Жасыл желекті, құм жоталы керемет жерлер жетерлік. Табиғаттың көз сүріндірерлік әрбір ғажайып көрінісіне тамсанбай қарау мүмкін емес.

Біздің әрбір басқан қаламыз, әрбір істеген ісіміз табиғатқа байланысты болғандықтан, біздің өмірімізде алатын орны ерекше. Бірақ, адамзаттың кейбір істері табиғатқа кері әсер етуде. Оның кері әсері біздің денсаулығымызға да зиян келтіреді.

Табиғатты қорғау, табиғатты аялау – әр адамның міндеті. Үлкен-кіші әрдайым оны таза ұстап, құрмет тұту қажет. Оның бізге қаншалықты қажет екені баршамызға мәлім.

1. Мәтінде не туралы айтылды?
2. Мәтінді тыңдағанда қандай сезімде болдың?
3. Мәтінде айтылған оймен келісесің бе? Неліктен?
4. Берілген тақырыптардың біреуін таңдап, шағын әңгіме құрап айт.
 - Табиғаттың таңғажайып құбылыстары
 - Табиғатты аялайық, адамзат!
 - Табиғат - менің өз үйім

Тірек сөздер: табиғат көрінісі, егіз ұғым, азаматтық парыз, ғажайып әсемдік, орны ерекше.

Оқылым және жазылым

Бағалау талаптары:

- Мәтіннің негізгі ойын анықтап, мәтінге ат қоюы;
- Тірек сөздерді қолданып шығарма жазуы;
- Күрделі сөздерді түрлеріне жіктей алуы;

Оқылым

Мәтінді түсініп оқып, тапсырмаларды орында.

.....

Патша нөкерлерімен бірге серуендеп келе жатып, жер өңдеп жүрген егіншіні кездестіреді. Тырбанып еңбектеніп жатқан қарапайым адам патшаның көңілінен шығып, онымен сөйлесуге ықыласы ауады. Бірнеше сауалдан кейін патша егістіктің бұл адамдікі емес екенін, оның күніне 15 лира үшін жалданып, еңбек ететінін түсінеді. Патша егіншінің жалақысының аздығына қайран қалады. Мұны байқаған шаруа:

- Қанағатшыл адамға бұл ақша тіпті көп те болады. Мен ақшамды үшке бөлемін. Бір бөлігімен өмір сүремін. Бір бөлігімен қарызымды өтеймін. Бір бөлігін біріктіріп, қор жинаймын, – дейді.

Патша бұл жұмбаққа ұқсаған сөздерден ештеңе түсінбейді. **Ақкөңіл** диқан күлімсіреп:

- Ақшамның бір бөлігімен қарызымды қайтарамын дегенім, бала кезімде үлкен қамқорлық көрсеткен **әке-шешеме** беремін. Ақшамды қор ретінде жинаймын дегенім, ақшамның бір бөлігін балаларымның біліміне төлеймін. Мен қартайған кезде олар да маған көмектеседі деп үміттенемін, қалған ақшамды өзімнің мұқтаждарыма жұмсаймын, – дейді.

Патша қарапайым адамның бұл әрекетіне риза болады. Шаруаның балаларының біліміне төлейтін ақшаны өз мойнына алады. Балалар да ержеткен соң **ата-анасына**, халқына қолдарынан келген көмекті аямай көрсетіпті деседі.

1. Патша кедейге неліктен таңғалды?

- a) жұмбақтап айтқан жауабына
- b) жалданып еңбек ететіндігіне
- c) еңбек ақысының тым аздығына
- d) егістік жердің өзгенікі екендігіне

2. Мәтіннің негізгі ойына сәйкес болатын мәтелді анықта.

- a) Не ексең, соны орасың.
- b) Қанағат қарын тойғызар.
- c) Еңбегі көптің өнбегі көп.
- d) Ханда қырық кісінің ақылы бар.

3. Мәтінге ат қой. _____

4. 1-азат жолдағы **«лира»** деген сөз қандай мағынаны білдіреді?


5. Егінші ақшасының бір бөлігін ата-анасына беретінін қалай жұмбақтап айтты?

6. Мәтіннің соңғы бөлімінен патшаның шаруаға жасаған жақсылығын білдіретін сөйлемді тауып, көшіріп жаз.

7. Мәтіндегі қарамен берілген күрделі сөздерді түрлеріне қарай жіктеп, кестеге жаз.

Қос сөздер	Біріккен сөздер

8. Оқыған мәтінге сүйеніп, диаграммаға егіншіні сипаттайтын сөздерді жаз.



9. Берілген тірек сөздерді пайдаланып, «**Мамандықтың бәрі жақсы**» тақырыбында 40-50 сөзден тұратын шығарма жаз.

Тірек сөздер: мамандық иесі, мамандық таңдау, қызығушылық, икемділік, өзіндік ерекшелігі бар, аянбай еңбек ету.

Бағалау кестесі (Тыңдалым және айтылым)

Сөйлеудің түрлері	Тапсырма реті	Дұрыс жауабы	Ұпайы	Дұрыс <input checked="" type="checkbox"/> Бұрыс <input checked="" type="checkbox"/>	Бағалау талаптары
Тыңдалым және айтылым	1	Тыңдаған мәтінде табиғаттың ғажайып көріністері, оларды қорғау туралы айтылған.	1		Мәтінде көтерілген мәселені анықтап, тұжырымдайды.
	2	Оны көрген кезде бойыңды қуаныш билейді. Табиғаттың осындай тамаша көріністеріне таңғаласың. Әрине, табиғатты қорғау керек. Себебі, табиғатсыз тіршілік жоқ.	1		Мәтін мазмұнына қатысты көзқарасын айтады және негіздейді.
	3	Табиғат пен адам - егіз ұғым. Аяулы табиғатсыз осы ғаламда өмір сүру, тіршілік ету мүмкін емес. Табиғаттың ғажайып әсемдігін көз алдыңа елестете отырып, өзің бір керемет әсерге бөленесің. Оның керемет көрінісі жаныңды тебірентеді. Бұлттары мақтадай, шөптері кілемдей төселген. Табиғатты аялау әр адам үшін маңызды, себебі адам да табиғаттың бір бөлшегі. Сондықтан табиғатты аялап, қорғауымыз керек.	1		<i>Тақырыпқа сәйкес баламалы мәтін қабылданады.</i> Мәтіннің мазмұны мен негізгі ойы тақырыпқа сәйкес келеді.
			1		Мәтіннің құрылымдық бөліктерін сақтайды.
		Барлық ұпай	5		Ойын еркін, дәлелді, әсерлі жеткізеді.

Ескерту: Мұғалімдер бағалау кестесі бойынша ұпай қою, шартты белгі қоюдың қайбірін қолдана алады. Бағалауда ауытқушылық болмас үшін, жұмыс үлгілерін бағалау кестесіне сәйкес тексеру қажет.

Бағалау кестесі (Оқылым және жазылым)

Сөйлеудің түрлері	Тапсырма реті	Дұрыс жауабы	Ұпайы	Оқушының жауабы ☑, ☒	Бағалау талаптары
Оқылым	1.	С) еңбек ақысының тым аздығына	1		Сұраққа жауап іздейді.
	2.	В) Қанағат қарын тойғызар	1		Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды.
	3.	Патша мен егінші, Ақылды патша, Қайырымды егінші, Қарапайым шаруа	1		Мәтін мазмұнына сай ат қояды. Баламалы жауаптар қабылданады.
	4.	Ақша	1		Сөз мағынасын ашады.
	5.	Ақшамның бір бөлігімен қарызымды өтеймін/қарызымды қайтарамын/...	1		Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы жауаптар қабылданады.
	6.	Шаруаның балаларының біліміне төлейтін ақшаны өз мойнына алады.	1		Шығарма кейіпкеріне қатысты тұсты тауып жазады.
Жазылым	7.	Қос сөз: <i>әке-шеше, ата-ана</i> Біріккен сөз: <i>ақкөңіл</i>	1		Күрделі сөздерді түрлеріне қарай жіктеп, кестеге жазады.
	8.	Еңбекқор, ақкөңіл, үнемшіл, мейірімді, қарапайым, қанағатшыл, ... т.б	1		<ul style="list-style-type: none"> • Шығарма кейіпкерлеріне мінездеме жазады. • Тапсырманың мазмұнына сәйкес жауаптар қабылданады.
	9.	Тірек сөздерді пайдаланып, шығарма жазады.	1		<ul style="list-style-type: none"> • Тірек сөздерді орынды қолданады. • Тақырыпқа сәйкес шығарма жазады.
Барлық ұпай			10		

Ескерту: Мұғалімдер бағалау кестесі бойынша ұпай қою, шартты белгі қоюдың қайбірін қолдана алады. Бағалауда ауытқушылық болмас үшін, жұмыс үлгілерін бағалау кестесіне сәйкес тексеру қажет.

Бағалауға арналған рубрика

Бағалау талаптары	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орташа	Жоғары
<p>Тыңдау білігі Берілген тақырып пен тірек сөздер бойынша мәтін мазмұнын болжап, түсіну</p>	<p>Берілген тақырып пен тірек сөздер бойынша мәтін мазмұнын болжауда қиналады.</p> <p style="text-align: right;"><input type="checkbox"/></p>	<p>Берілген тақырып пен тірек сөздер бойынша мәтін мазмұнын болжайды, өз ойын жеткізуде қателіктер жібереді.</p> <p style="text-align: right;"><input type="checkbox"/></p>	<p>Берілген тақырып пен тірек сөздер бойынша мәтін мазмұнын болжайды және ойын дұрыс жеткізеді.</p> <p style="text-align: right;"><input type="checkbox"/></p>
<p>Сөйлеу білігі Тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау</p>	<p>Тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, берілген тақырыпқа әңгіме құрауда қиналады.</p> <p style="text-align: right;"><input type="checkbox"/></p>	<p>Берілген тақырып бойынша әңгіме құрайды, тірек сөздерді қолдануда сөйлем құрылымын/ тілдік нормаларды сақтауда қателіктер жібереді.</p> <p style="text-align: right;"><input type="checkbox"/></p>	<p>Тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрап айтады.</p> <p style="text-align: right;"><input type="checkbox"/></p>
<p>Оқу білігі Мәтіннің негізгі ойын анықтап, мәтінге ат қою</p>	<p>Мәтіннің негізгі ойын анықтауда және мәтінге тақырып қоюда қиналады.</p> <p style="text-align: right;"><input type="checkbox"/></p>	<p>Мәтіннің негізгі ойын анықтауда, мәтінге ат қоюда қателеседі.</p> <p style="text-align: right;"><input type="checkbox"/></p>	<p>Мәтіннің негізгі ойын анықтайды және мәтінге сәйкес ат қояды.</p> <p style="text-align: right;"><input type="checkbox"/></p>
<p>Жазу білігі Тірек сөздерді қолданып, шығарма жазу</p>	<p>Тірек сөздер бойынша берілген тақырыпқа шығарма жазуда қиналады.</p> <p style="text-align: right;"><input type="checkbox"/></p>	<p>Берілген тақырыпқа сәйкес шығарма жазады, шығарманың құрылымын сақтауда/ тірек сөздерді қолдануда қателіктер жібереді.</p> <p style="text-align: right;"><input type="checkbox"/></p>	<p>Тірек сөздер бойынша берілген тақырыпқа шығарма жазады. Емлелік, тыныс белгілік қатесіз жазады.</p> <p style="text-align: right;"><input type="checkbox"/></p>
<p>Түйінді білік Күрделі сөздерді түрлерге ажырату</p>	<p>Күрделі сөздерді ажыратуда қиналады.</p> <p style="text-align: right;"><input type="checkbox"/></p>	<p>Қос сөздерді, біріккен сөздерді анықтауда қателіктер жібереді.</p> <p style="text-align: right;"><input type="checkbox"/></p>	<p>Күрделі сөздерді, есімдерді түрлеріне қарай жіктеп жазады.</p> <p style="text-align: right;"><input type="checkbox"/></p>

ТЕЛЕСАБАҚТЫҢ МАЗМҰНДЫҚ ЖӘНЕ ӨДІСТЕМЕЛІК САБАҚТАСТЫҒЫ

Апта	Тарау	Тарау мақсаты	Кезекті сабақ	Сағаты	Игеретін біліктер			Қосымша ақпараттар	
					Айтылым, тыңдалым	Оқылым	Жазылым		
I	Білімімізді шыңдайық	Оқушылар дұрыс, жылдам, түсініп, мәнгерлен оқу мақсаты	Бағалау сабағы	1	<ul style="list-style-type: none"> Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, мәтінге ат қою; Тірек сөздерді қолданып шығарма жазу; Күрделі сөздерді түрлеріне қарай жіктей алуы; Сөз мағынасын ашуы; 	<ul style="list-style-type: none"> Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, мәтінге ат қою; Тірек сөздерді қолданып шығарма жазу; Күрделі сөздерді түрлеріне қарай жіктей алуы; Сөз мағынасын ашуы; 	<ul style="list-style-type: none"> Мәтіндегі негізгі ойды тұжырымдап жазу; 	<ul style="list-style-type: none"> “Кең байтақ туған елім” (4-сыныптың «Ана тілі» оқулығынан); “Мәтіннің негізгі ойын анықтау” телесабак; 	
			Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, мәтінге ат қою	1	<ul style="list-style-type: none"> Мәтіндегі негізгі ойды анықтау; Мәтін мазмұнына сай ат қою; 	Мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тауып оқу;	Мәтіндегі негізгі ойды тұжырымдап жазу;	<ul style="list-style-type: none"> Тірек сөздер бойынша берілген тақырыпқа шығарма жазу; Емле, тыныс белгілерді ескеріп жазу; 	<ul style="list-style-type: none"> Сурет, тірек сөздер, көрнекі құралдар
			Тірек сөздерді қолданып шығарма жазу	1	Ойын жүйелі, еркін әрі әсерлі етіп, толық жеткізу;	Мәтінді мәнгерлеп оқу;	<ul style="list-style-type: none"> Тірек сөздер бойынша берілген тақырыпқа шығарма жазу; Емле, тыныс белгілерді ескеріп жазу; 	<ul style="list-style-type: none"> Тірек сөздер бойынша берілген тақырыпқа шығарма жазу; Емле, тыныс белгілерді ескеріп жазу; 	<ul style="list-style-type: none"> Сурет, тірек сөздер, көрнекі құралдар
			Күрделі сөздерді түрлеріне қарай ажырату	1	Күрделі сөздерді ажырату;	Мәтіндегі деректерді теріп оқу;	Күрделі сөздерді, есімдерді түрлеріне қарай жіктеп жазу;	<ul style="list-style-type: none"> Күрделі сөздерді, есімдерді түрлеріне қарай жіктеп жазу; 	<ul style="list-style-type: none"> Үлестірме материалдар; Шағын мәтіндер;
II	Сауаттылық - саналылық	Оқушылар дұрыс, жылдам, түсініп, мәнгерлен оқу мақсаты	Шығарма кейіпкерлерін салыстыру	1	Шығарма кейіпкерлерін салыстырып айту;	Шығарма кейіпкерлеріне қатысты тұстарды теріп оқу;	Шығарма кейіпкерлерінің негізгі ойы мен қосалқы ойын тауып жазу;	<ul style="list-style-type: none"> Телесабактар бейнежазбасы; Қосымша тапсырмалардан 10-нұсқа; 	
			Шығарма кейіпкерлеріне мінездеме беру	1	<ul style="list-style-type: none"> Шығарма кейіпкерлерін суреттеу; Бейнелеп сөйлеуге тырысу; 	Шығарма кейіпкерлерін сипаттап, суреттеген тұстарды теріп оқу;	<ul style="list-style-type: none"> Шығарма кейіпкерлеріне мінездеме жазу; Сөздерді орынды қолдану; 	<ul style="list-style-type: none"> Телесабактар бейнежазбасы; Қосымша тапсырмалардан 10-нұсқа; 	

III				Берілген жоспарға сүйеніп, оқыған мәтіннің мазмұнын жазу	1	<ul style="list-style-type: none"> Бейнелеп сөйлеуге тырысу; Мәтіннен алған әсерін айту; 	Шығарма кейіпкерлеріне қатысты тұсты тауып жазу;	<ul style="list-style-type: none"> Берілген тірек сөздер мен жоспарды пайдаланып, мәтін құрап жазу; Тыныс белгілерін дұрыс қою; 	Қосымша тапсырмалардан “Асау өзен” мәтіні
					1	<ul style="list-style-type: none"> Мәтін не туралы? Мәтінге ат қою; Мәтіндегі негізгі ойды тұжырымдап жазу; Сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіріп жазу; Мәтін мазмұнына сүйеніп, кейіпкерді сипаттайтын тірек сөздерді жазу; Тірек сөздерді қолданып, кейіпкерге жазбаша мінездеме беру; 	Оқылым, жазылым 1-тапсырма		
IV	Оқылық та тоқылық	Оқушылар дұрыс, қығдам, түсініп, мәнәрен оқу дағдыларын игерумен қатар, мәтінді кешенді талдауға үйрену		Өлеңді (мақал-мәтел, нақыл сөздер) мәнәрлеп оқу	1	<ul style="list-style-type: none"> Өлеңдегі (табиғатты, кейіпкерді) суреттеген шумақтарды тауып, әңгімелеу; Өлең мазмұнын қара сөзбен әңгімелеу; Жалқы есімдерді тауып айту; 	<ul style="list-style-type: none"> Ғибрат өлең, мақал-мәтел, нақыл сөздердің өнегесін (қасиеттерін) түсініп, жатқа оқу; Сөздердің мағынасын түсініп оқу; 	<ul style="list-style-type: none"> “Қобда өзен” (4-сыныптың «Ана тілі» оқулығы, 118-бет); “Халық айтса, қалт айтпайды” (4-сыныптың «Ана тілі» оқулығы, 141-142-бет); 	
					1	<ul style="list-style-type: none"> Мәтіннен іріктеп алған ақпаратты түсіндіру, топтап айту; Бейнелеп сөйлеуге тырысу; Мәтіннен алған әсерін айту; 	<ul style="list-style-type: none"> Берілген мәтіндерді дұрыс, түсініп, мәнәрлеп оқу; Ажырата білу; 	<ul style="list-style-type: none"> 4-сыныптың «Ана тілі» оқулығы, 126, 127-бет; 3-сыныптың «Ана тілі» оқулығы, 132-135-бет; “Сауалнама, өтініш, қолхат, құлақтандыру жазу” телесабақтар; 	
4 апта			Нәтиже сабақ	Нәтиже сабақ	1	<ul style="list-style-type: none"> Минутына 70-тен төмен емес сөзді түсініп оқу; Оқығанын өз сөзімен еркін, дәлелді, әсерлі жеткізу; 50-60 сөзден тұратын бақылау диктант жазу; Үлгіні пайдаланып, қолхат, сауалнама, өтініш, құлақтандырудың қайбіреуін жазу; 			
					12 сағат				

3.5 ҚОСЫМША ТАПСЫРМАЛАР

Қосымша тапсырмаларды барлық сынып оқушыларына орындатуға болады.

1-нұсқа

Мәтінді түсініп оқы.

Футбол

Балалар футбол ойнауға жиналды. Олар екі командаға бөлінді. Асқар қақпашы болды. Болат допты қақпаға қарай тепті. Асқар допты жылдам қағып алды. Балалар жақсы шыныққан және мықты. Футбол ойыны қыза түсті.

- Сұрақтарға жауап бер.
 - Мәтін не туралы?
 - Ойынға қандай балалар қатысты?
- Сурет бойынша екі сұрақ құрастырып, көркем етіп жаз.



Blank writing lines for the second task, consisting of five sets of horizontal lines with a dashed midline and diagonal lines on the sides.

2-нұсқа

Мәтінді мұқият тыңдап, берілген тапсырмаларды орында.

.....

Бір күні бақшадағы көкөністер өздерінің адамға тигізетін пайдасы туралы дауласып қалыпты. Дауды қияр бастапты:

- Адамға бәрінен мен пайдалымын. Мен тез өсемін. Бәріңнен бұрын пісемін. Адам мені көп пайдаланады, - деп мақтаныпты ол.

- Жоқ, бәрінен де мен пайдалымын. Менің ақ түсімнен адамдар қант алады, қызыл түсім нәр береді. Ешқандай зияным жоқ, - деп, сөзге қызылша араласыпты.

- Ал менің шырыным өте пайдалы. Ол адамдарға күш береді, – депті сәбіз.

Бұл әңгімеге бақшадағы басқа көкөністер де қосылыпты. Олар бірін-бірі жеңе алмай, ұзақ дауласып, ақырында адамның өзінен сұрауды жөн көріпті.

- Дауға қандай көкөністер қатысты?

а) қияр, қызанақ, сәбіз	ә) қызылша, картоп, қияр
б) қияр, қызылша, сәбіз	в) сәбіз, қызылша, пияз.
- Сұрақтарға жауап бер.
 - Көкөністер не туралы дауласты?
 - Сен қай көкөніс пайдалы деп ойлайсың?
- Мәтінге қандай ат қоюға болады?

3-нұсқа

Мәтінді мұқият тыңда.

Спортшы Бейбіт

Бейбіт – сыныптағы балалардың ең кішісі, әрі нәзігі. Бұл денешынықтыру сабағында байқалатын. Сапқа тұрғанда, оқушылардың ең соңында қалатын. Оған өзі де намыстанатын. Тез өсіп, үлкен болу оның арманы еді.

басы

Ағасы аулаға турник орнатып берді. Бейбіт күн сайын турникке тартылып жүрді. Денесін шынықтыру, спортпен айналысу Бейбіттің бұлжымас әдетіне айналды. Үшінші сыныпқа келгенде бойы өсіп, қайраттана түсті.

ортасы

Жазда ол ауыл балаларымен бірге бокс үйірмесіне барып жүрді. Бокстасамын деп жүріп, өзінен үлкен балалардан таяқ жеп қалған кездері де болды. Бірақ Бейбіт алған бетінен қайтпады. Бокс өнеріне деген ынтасы арта түсті.

соңы

Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

- Бейбіт не үшін намыстанды?
- Оның арманы не еді?
- Бейбіт нені бұлжымас әдетке айналдырды?
- Ол қай спорт түрімен әуестенді?
- Спортпен айналысу Бейбітке қалай әсер етті?
- Сен спортпен айналысасың ба?

4-нұсқа

1. Мәтінді түсініп оқы. Мәтіннің бөліктерін байланыстырып сыз.

Екеуі бұлақтың басына келіп отырды. Су ішті. Дәмі ерекше екен. Бұлақ басына басқа балалар да келді. Олар да бұлақтан су ішті. Судың дәмі туралы әртүрлі пікірлер айтты.

Жазғы демалыста балалар тауға саяхатқа шықты. Қайрат пен Мұқан алға қарай озып кетті. Олар тау етегінде ағып жатқан мөлдір бұлақты көрді.

Мұғалім де бұл судың пайдасы туралы айтып берді. Бұл асқазан ауруларын емдейтін шипалы су болып шықты.

2. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бер.

- Бұлақтың суы қандай екен?
- Судың қандай пайдасы бар?
- Суды үнемдеу үшін не істеу керек?

3. Мәтіннің түрін анықта.

4. Мәтінге ат қой.

5-нұсқа

Мәтінді мұқият тыңдап, тапсырмаларды орында.

Бір бұлақтың басында үш жолаушы кез болыпты. Бұлақ бір тастақ жерден шыққан, суы мұздай салқын, таза екен. Бұлақтың басында жатқан үлкен таста:

– «Ей, жолаушы, болсаң осы бұлақтай бол!» - деген жазу бар екен. Жолаушылар бұлақтан су ішеді. Сонда тастағы жазуға көзі түскен бір жолаушы:

– Бұл бұлақ күні-түні тынбай ағады. Бара-бара оған басқа бұлақтар қосылып, үлкен өзен болады. Бұл жазудан мынадай ғибрат алуға болады: «Сен де ешқашан жалқауланып, тоқтап қалма. Сонда мұратыңа жетесің!» дегені деп түсінемін, – дейді. Екінші жолаушы тұрып:

– Бұл бұлақ кімді болса да ыстықтағанда салқындатып, рақаттандырады.

Сусағанның шөлін қандырады. Онысы үшін ешкімнен ақы дәметпейді. Олай болса, бұл «біреуге жақсылық етсең, оны ешкімге міндет етпе!» дегені болар, – дейді.

Жолаушының үшіншісі, жас жігіт, үндемей тұрады. Жолдастары: «Сен не ойлайсың?» - деп сұрайды.

– Меніңше, адамдар бұл бұлаққа күні-түні тынбай ағып, тазаланып тұрғаны үшін ынтық болады. Ал тастағы жазуды: «Көңіліңді, бойыңды осы бұлақтай таза сақта!» дегені деп түсінемін,- деп жауап беріпті.

1. Жолаушылардың бұлақ туралы айтқан пікірлерін тауып, дұрыс сәйкестір.

Бірінші жолаушы «Біреуге жақсылық етсең, оны ешкімге міндет етпе.»

Екінші жолаушы «Көңіліңді, бойыңды осы бұлақтай таза сақта.»

Үшінші жолаушы «Ешқашан жалқауланып, тоқтап қалма. Сонда мұратыңа жетесің.»

2. Сұрақтарға жауап бер. Мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолданып сөйле.

- Сен қай жолаушының пікіріне қосыласың? Неліктен?

- Тастағы жазуда басқа қандай ой айтылуы мүмкін?

6-нұсқа

Мәтінді түсініп оқы. Тапсырмаларды орында.

Үш бала орманға барды. Орманда жеміс-жидектер, құстар көп. Олар қыдырып жүріп, күннің қалай өткенін байқамай қалды. Енді үйлеріне қайтып келе жатыр. Ата-анасына не деп айтарын білмей, қорқып келеді.

– Үйдегілерге не дейміз? – деді балалардың бірі.

Олар жол бойына тұра қалып, ақылдаса бастады. Өтірік айту мен шындықты айтудың қайсысы оңайырақ?

– Мен орманда қасқырдан тығылып отырдым деп айтамын. Сонда әкем маған ұрыспайды, – деді бірінші бала.

– Мен жолда атамды кездестірдім деймін. Сонда анам ашуланбайды, – деді екіншісі.

– Ал мен шынымды айтамын, – деді үшінші бала. – Шындықты айту оңайырақ, себебі ештеңе ойлап табудың керегі жоқ.

- Балалар қандай сұраққа жауап іздеді?

- Оған не әсер етті?

- Мәтінге ат қой.

- Мәтіндегі негізгі ойды білдіріп тұрған сөйлемді тауып, қоршап сыз.

- Мәтін бойынша «неліктен?» сөзін қатыстырып, 1 сұрақ құрастырып жаз.

- Мәтін кейіпкерлерінің қайсысының пікірін қолдайсың? Неліктен? Өз көзқарасыңды білдіріп, кейіпкерге хат жаз.

7-нұсқа

Мәтінді түсініп оқы. Тапсырмаларды орында.

Арсылдаған ит ызалана тап-тап береді. Шарбақтың басында бір кішкентай мысық бүрісіп отыр. Иттен қорыққанынан арқасын күжірейтіп, ысылдаған дыбыс шығарады.

Анадай жерде оқиғаның соңын күткен екі бала состиып қарап тұр. Оны терезеден көрген бір әйел сыртқа жүгіріп шықты.

– Ұялмайсыңдар ма!? – деген зілді дауыстан екі бала селк етіп, арттарына қарады. Әйел қолындағы таяғымен итті қуып жіберді.

– Біз не істедік? – деп, таңданды екі бала, – Біз жай ғана қарап тұрмыз ғой.

– Міне, ең жаманы - осы, – деді, әйел зілденіп.

(В.А.Осеевадан аударылып, бейімделген)

- Бейтаныс әйел балаларға неліктен ашуланды?

- Балалар неліктен қарап тұрды деп ойлайсың?

- Кейіпкерлердің қайсысының іс-әрекетін дұрыс деп санайсың? Неліктен?

бейтаныс әйелдің

балалардың

- Мәтін арқылы автордың не айтқысы келді деп ойлайсың?
- Мәтінге ат қой.

8-нұсқа

Мәтінді мұқият оқы. Сұрақтарға жауап бер.

- Екі бала көше бойындағы бағанада ілініп тұрған сағаттың қасында әңгімелесіп тұр.
- Жақшалы өрнек болғандықтан, есепті шығара алмадым, - деді Нұрлан.
 - Ал мен көп таңбалы сандарды дұрыс есептей алмадым, - деді Ораз.
 - Ендеше екеулеп шығарып тастайық. Әлі уақытымыз бар ғой, - деді Нұрлан. Бұл кезде бағана басындағы сағат бір жарымды көрсетіп тұрған.
 - Әлі жарты сағат уақыт бар екен. Бұл уақытта ұшқыш жолаушыларды бір қаладан екінші қалаға жеткізе алады, - деді, Ораз келіскенін білдіріп.
 - Ал менің капитан ағам жиырма минутта апатты кемедегі жолаушыларды қайыққа отырғызып үлгерген.
 - Жиырма минут дейсің бе? Кейде он минуттың өзінде біраз шаруа тындыруға болады. Тек ер минутты ескеру керек, - деді, Ораз маңғазданып.
- Осылайша балалар біраз қызықты оқиғаларды еске түсірді. Бір кезде Ораздың көзі сағатқа түсіп кетті. Тұп-тура екі болыпты.
- Жүгірейік! - деді Ораз, – Біз сабаққа кешіктік!
 - Ал есеп ше? – деді, Нұрлан сасқалақтап.

(В.А.Осеевадан аударылып, бейімделген)

- Балалардың сабаққа кешігуіне не себеп болды?
- Ораз уақыт туралы қандай ой айтты?
- Балалар өз уақытын бағалай алды ма? Уақытты бағалау дегенді қалай түсінесің?
- Мәтіндегі оқиға қалай аяқталады деп ойлайсың? Балалардың әрекетін әрі қарай болжа.
- Мәтінді «Уақытты бағалау керек» деген тұжырыммен сәйкестіріп, жалғастырып айт.

9-нұсқа

Мәтінді түсініп оқы. Тапсырмаларды орында.

- Мен өзім түсінбейтін сөзді әрқашан көкемнен сұрап аламын. Мұндай сұрақтарыма көкем де ерінбей жауап береді. Бір күні:
- Көке, Болашақ деген кім? – деп сұрадым.
 - Болашақ – біздің туысқанымыз, – деді ол.
 - Туысқан болса, үйіне неге қонаққа бармаймыз? Көкем күлді.
 - Барамыз. Ертең түстен кейін жолдастарыңды ертіп кел, мен сендерді Болашақтың ауылына алып барайын, – деді арқамнан қағып.
- Ертесіне балаларды түгел жинап келдім. Оқтай тұзу көшемен тауға қарай ызғытып келеміз. Көп ұзамай таудың ішіндегі қалың баққа келдік. Алма, өрік, түрлі жеміс-жидек тұнып тұр екен.
- Міне, балалар, Болашақтың ауылына келдік. Ал Болашақ осы таудың басында тұрады. Анау тауды бұзып жүрген жұмысшылар Болашақтың үйіне қарай жол салып жатыр. Сол жол біткенде, мен сендерді тура Болашақтың өз үйіне алып барамын. Ал қазір қолдарыңа шелек алыңдар да, жерге түскен алманы теріп, мына жерге үйіңдер. Болашақтың салты бойынша жинап жүріп алма жеуге болмайды. – деді.
- Қалың ағашқа кірдік те кеттік. Қып-қызыл алмаларды шелекке салғың келмейді, жеуге және болмайды. Ой, көзім қызығып әрең жүрмін. Амал жоқ, жинап жатырмыз. Бір кезде мен шыдамай кеттім. Жұрттың көзін ала беріп, қызыл сары алманың бүйірінен бір тістеп алдым. Мұнымды көкем байқап қалыпты:
- Сен Болашаққа келмей жатып ұрлық істедің. Ол ұрлықшы баланы ұнатпайды. Енді осы жерде тапжылмай тұр, – деді, қабағын түйіп. Мен өз ісіме қатты өкіндім. Сәлден соң көкем балаларды шақырып алды.
 - Енді алманы тойғандарыңша жеңдер. Қалағандарыңша алыңдар, – дегені. Олар отыра қалып алма жей бастады. Мен тамсанып тұрмын. Біраздан соң көкем маған да рұқсат берді.

Ауылға қайтып келеміз. «Шіркін, Болашақ - қандай ғажап адам! Титтей еңбек істесең, дүниенің алмасын жейді екенсің. Менің алма жеп қойғанымды Болашақ ағай естісе, ұят болатын болды. Болашаққа баратын жол тезірек бітсе екен. Сол Болашақтан жаңағы істеген әбестігім үшін кешірім сұраймын», – деп ойлап келемін.

- 1) Мәтін не туралы? Мәтінге ат қой.
- 2) Мәтін арқылы автордың не айтқысы келді? Мәтіннің негізгі ойын тұжырымдап жаз.
- 3) Мәтіндегі қарамен берілген сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіріп жаз.

Сөз тіркестері

Мағынасы

тұнып тұр екен

көзім қызығып

4) Мәтін мазмұнына сүйеніп, кейіпкерді сипаттайтын бірнеше тірек сөз жаз. Сол сөздерді қолданып, кейіпкерге жазбаша мінездеме бер.

Тірек сөздер:

10-нұсқа

Мәтінді түсініп оқып, тапсырмаларды орында.

Жаз думаны басталды. Құс атаулының ұясы түгел сары ауыз балапанға толды. Олар ауыздарын ашып, ұяға тынымсыз жем тасыған енелеріне ентелейді. Ұядан шығып кете алмайды.

Өз балаларын әр құс өз дағдысынша тәрбиелей бастайды. Қатерден жасырынуға, тамақтану әдісіне баулайды. Қаз бен аққудың балапаны суық күз түскенше, енелерінен бөлінбейді. Әсіресе, аққудың көгілдірі енесінен бір елі қалмай, жылы жаққа ұшып кетеді. Ол көктемде қайта оралғанда ғана өз бетімен күн көруге көшеді.

Ал қарлығаш балапаны ұшқаннан кейін, оған өз жемін қалай табу әдісін төбесінен тастап жіберіп, соны қуып ұстату арқылы үйретеді.

Осылайша, әр құстың балапан баулудағы әдістері әртүрлі.

Мәтінге ат қой.

1. Мәтіндегі негізгі ойды тап.
 - а) Жаз мезгілі туралы
 - ә) Құстар туралы
 - б) Құстарды сақтауға, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу туралы
3. Аққудың баласын не деп атайды?
4. Қай құстың балапандары енесінен бөлінбейді?
 - а) Аққу мен қарлығаштың
 - ә) Аққу мен қаздың
 - б) Қаз бен қарлығаштың
5. Мәтіндегі қате жазылған сөзді тауып жаз.
6. Буынға дұрыс бөлінген сөзді көрсет.
 - а) ен-ел-ер-ін-ен
 - ә) ене-ле-рін-ен
 - б) е-не-ле-рі-нен
 - в) е-не-ле-рін-ен
7. Мәтіннен сын есімді тауып жаз.
8. Барыс септігінде тұрған сөзді көрсет.
 - а) ұяға
 - ә) көруге
 - б) жасырынуға
 - в) жаққа
9. “Баулу” сөзіне мәндес сөздерді тап.
10. «Жаз» сөзінің түрлі мағыналарын тауып, сөйлем құра.

11-нұсқа

Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.

Асау өзен

Шілденің шыжыған күні еді. Ауылдың бір топ баласы таяу жатқан Түрген өзеніне қарай улап-шулап жүгіріп келеді. Көйлектерін жолай шешіп, бұлғап-бұлғап, қиқулайды. Тау өзенінің суы тастай суық. Оның үстіне жоғарыдан құлап аққан судың екпіні атанды жығардай алапат. Тым асау.

Өзді-өзінің шуылымен қаперсіз келіп, жөңкілген суға күмп ете түскен әлжуаз Әлжан ө дегенде-

ақ бір батып, бір шығып, қойтастарға қолы ілікпей, әбігерге түсті. Мұны байқаған ересектеу Ернар дереу жағаға жүзіп шығып, көпірге қарай жүгіре жөнелді. Сондағы ойы – оны осы маңнан тосып, құтқарып қалу. Ернардың артынан Жаппар, Жұмағұлдар да бір-бірінен қалыспай ентіккен қалыпта жүгіріп жетіп, көпірге қаз-қатар тұра қалысты.

Әр жердегі қойтастарға бір соғылып, есінен айырылған Әлжанды үшеулеп жағаға шығарды.

- 1) Мәтін арқылы автордың не айтқысы келді?
- 2) «Асау өзен» деген тақырып мәтіннің мазмұнына сәйкес келе ме? Дәлелде.
- 3) Мәтін атауын қалай өзгертер едің?
- 4) Берілген жоспарға сүйеніп, оқыған мәтіннің мазмұнын жаз.

Жоспар:

- 1) Балалардың өзенге қарай асығуы;
- 2) Әлжанның суға кетуі;
- 3) Үш баланың ерлігі;
- 4) Берілген тірек сөздер мен жоспарды пайдаланып, «Адал достық» тақырыбына мәтін құрап жаз.

Тірек сөздер: *ізгі қасиет, адам жанының айнасы, сенімді серік, адал болу, жанынан табылу;*

Жоспар:

1. Достық туралы
2. Дос қандай болу керек?
3. Сенің досың қандай?

ТӨРТ. ДИАГНОЗ НӘТИЖЕСІНЕ НЕГІЗДЕЙ ОТЫРЫП, МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ҚАЙТАЛАУҒА ТИІСТІ САБАҚ МАЗМҰНЫ МЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ӘДІСТЕРІН САБАҚ ЖОСПАРЫНА ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МЕНЕЖМЕНТІ

Оқу бағдарламасын жүзеге асырудың бір тірегі жергілікті жер мен мектептің даму мүмкіндігіне негізделген өзіндік ерекшелігі бар менежмент болып табылады.

Мақсаты: Бұл бөлімде оқушылардың біліміне жасалған диагноз нәтижесіне негізделіп, қыркүйек айының соңғы аптасында жүрілетін сабақ мазмұнын анықтау, әрі қарайғы үздіксіз білім беру үрдісін мектептің арнайы менежменті арқылы қолдау бағыты туралы айтылады.

Пән мазмұны мен үйрету әдістемесін пысықтау менежменті

Мұғалімдер әр пәннің өзіндік ерекшелігіне сай әзірленген мазмұндық, әдістемелік нұсқаулықты қолданғанда, міндетті түрде бір оқушыға тиесілі болуы мүмкін жүктемені есепке алатындай менежмент қажет болады. Ол үшін оқу менежерлері мен әдістемелік бірлестіктер бірлесе отырып, мұғалімдер мен бастауыш, орта, аға сынып оқушыларына тиесілі **«жүктеме жобасын»¹** әзірлейді. Онда төмендегі әрекеттер орындалады:

1. *Диагноз жасау және оның нәтижесіне сараптама жасау;*
2. *Нұсқаулықта берілген сабақ мазмұны мен үйрету әдістемесі бойынша оқу әрекетін ұйымдастыру;*
3. *Диагноз нәтижесіне негіздей отырып, мектеп пен мұғалім ынтымақтасып, оқу, үйретуді әрі қарай жоспарлап, жүзеге асырудың мазмұндық және әдістемелік бағытын айқындау қажеттілігі;*

Бір. Диагноз жасау және оның нәтижесіне сараптама жасау Оқу менежерлері мен мұғалімдер ескеретін жағдайлар:

1. Нұсқаулықты қолданғанда, мектептің өзіндік ерекшелігі, мұғалім санының жеткіліктілігі, оқушының ерекшелігі қатарлыларды ескерумен бірге, жоспарлауда, жүзеге асыруда, нәтижені есепке алуда жан-жақты, шығармашылықпен жұмыстау қажет.
2. Әр сабаққа жоспар бойынша тиянақты әзірлену қажет.
3. Оқушының үлгере алмағанын үйге тапсырмаға беру арқылы толықтыруға болмайды. Есесіне, қайталау сабақтарының мазмұны мен әдістемесі кабинеттік сабақ бойынша жоспарланып, үйретіледі.

Екі. Нұсқаулықта берілген мазмұн мен әдістемеге сай оқу, тәрбие ісін ұйымдастыру

Әдістемелік бірлестік пен маманды мұғалімдер нұсқаулықты оқу бағдарламасымен сабақтастыра оқып, зерттейді.

Бастауыш, орта, аға сынып ұстаздары оқу менежерімен бірлесе отырып, нұсқаулықты қалай қолдану туралы талқылау ұйымдастырады. Талқылауда төмендегі мәселелер ескерілуі керек:

- Мектептің аусымдық жағдайы;
- Бір мұғалімге тиесілі оқушының орташа саны;
- Сынып, кабинет, лабораторияның жеткіліктілігі;
- Сабаққа қажетті құрал-жабдық, құрылғылардың жеткіліктілігі, қанымдалуы;
- Маманды мұғалімдердің жеткіліктілігі, ынтымақтастығы;

Телесабақ мұғалім негізде (орталықты) жүрілгендіктен, мұғалім сыныпта жүрілетін әрбір сабағын шәкірт негізді сабақ түрінде ұйымдастыруға жақсы әзірлік жасауы керек.

Мектеп әкімшілігі алдыңғы сыныпта оқытылуға тиісті сабақ мазмұнын қайталауға берілген уақытта (қыркүйек айында) сабақты тек сыныпта ғана емес, сыныптан тыс түрде де ұйымдастырып, жүргізуге мүмкіндік жасауы керек.

Сонымен қатар, маманды мұғалімдер бірлесе отырып, оқу, тәрбие ісінің жүрілуіне қолдау көрсетеді.

Мұғалімдер оқыту, тәрбие беру ісінен қалыс қалып, алшақтамайтындай менежмент қолданылуы керек.

¹ Сыныпта үйретілетін және үй тапсырмасын орындауға тиесілі барлық сағат, күндік, апталық сағатқа бөліну үлгісі

Төтенше жағдайға байланысты нұсқаулықты жүзеге асыру мақсатында оқу менежері уақытша сабақ кестесін жасап, ұстануына болады.

Үш. Диагноз нәтижесіне негіздей отырып, мектеп әкімшілігі мен ұстаздардың әрі қарай жүзеге асыратын оқу, тәрбие ісінің мазмұны, әдістемесі

Бағдарламаны жүзеге асыруда оқушының даму ерекшелігін ескеру

Нұсқаулықта берілген рубрика үлгілерін пайдалана отырып, оқушылардың тапсырмаларды орындау үлгерімінің айырмашылықтарын, мәселен, таған біліктерінің ерекшелігі, білім, білік игеру деңгейі, оқу, үйрену дағдысы, физиологиялық даму ерекшелігі қатарлыларды ескере отырып, олардың дамуын қолдап, көмектесу қажет. Мұнда:

Мектеп әкімшілігі мен мұғалімдердің ынтымақтастық ісінде ескеретін жағдайлар:

- Оқушылардың біліміне сараптама, диагнозды мұғалімдер бірлесе жасайтын менежментті болу;
- Диагноз жасауға қатысты ақпарат қорын жасау және нәтижесіне сараптама жасау үшін мұғалімдердің бірге жұмыстауларына әрі уақытты ұтымды пайдалануларына мүмкіндік тудыру (сараптама жасалатын оқушылардың аттарын қайта-қайта жазбау);
- Мұғалімдер мүмкіндік болған кезде (сабағы жоқ сағатта) басқа мұғалімдердің сабағына, үйретуіне қолдау көрсететіндей менежмент қолдану;
- Сабаққа қатысты құрал-жабдықтарды бірге әзірлеу, құрал-жабдықтардың біріккен қорын жасау менежментін жүзеге асыру;
- Мұғалімдердің тараулық бағалау тапсырмаларының қорын бірлесе жасауларына мүмкіндік тудыру;
- Телесабақтарды көруге мүмкіндігі болмаған малшы балаларына оқу жылы бойында арнайы қолдау көрсетуде жатақхана мұғалімімен және ата-аналармен ынтымақта, бірге жұмыстау;
- Жатақханада тұратын балаларға арналған дамыту шараларына мұғалімдерді тұрақты қатыстыру менежментін жүзеге асыру;
- Мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты туындаған жағдайларға байланысты арнайы қарастырып, нұсқаулықта көрсетілген іс-шараларды жүзеге асыруға мүмкіндік жасау қатарлылар болмақ.

Мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық шараларына қатысты ескеретін жағдайлар:

2019-2020 оқу жылының соңғы жартысында үйретілуге тиісті білім мазмұны телесабақ арқылы берілгенде, ата-аналар мен қамқоршылардың қолдау, көмегі аса зор болды. Олар балалардың оқып, үйренуі мен дамуына көп қолдау көрсетті. Ата-аналар мен қамқоршылардың бұл істе жинақтаған оң тәжірибесіне сүйене отырып, оқушылардың әрі қарайғы оқу дағдысына, білім, білік игеру әрекетіне жанұя, көпшіліктің қатысуына, мектеп пен мұғалімдермен ынтымақта жұмыстауына мүмкіндік жасалады.

Әлемді жайлаған індет ата-аналарға балаларының білім алуын, дамуын қолдау, мектеппен, ұстаздармен қарым-қатынаста болу қатарлы көптеген сынақтар тудырды. Ата-аналар балаларының білімі мен дамуына отбасында қаншалықты қолдау көрсетіп, көмектесе алатындықтарына қорытынды жасады. Сондай-ақ, білім мазмұны мен үйрету әдістемесіне ерекше көңіл бөліп, аталмыш пән бойынша баласының не білетіндігі, не үйреніп, не істей алатындығы туралы білетін болды. Десе де, оларға белгілі дәрежеде ауыртпалық түскенін ескеріп, әрі қарай балалардың дамуын, білімін күнделікті қолдайтын тиісті ақпарат, әдістемелермен қамтамасыз етуде мұғалімдердің атқаратын міндеті анық, айқын болған бүгінгі таңда бізге ынтымақтастығымызды кәсіби деңгейде көрсету қажеттілігі туып отыр. Ол үшін:

- Оқушылардың білім деңгейіне сараптама қалай жасалғандығы, олардың таған білім, біліктерінің деңгейі, оқу дағдыларының ерекшеліктерінің қандай екендіктері жайлы ақпараттармен қамтамасыз ету;
- Мұғалімдер бірлесе отырып, сараптама нәтижесіне қарай ата-ана балаға отбасында қандай көмек, қолдау көрсетуге болатындығы туралы кеңес беру;
- Сараптама нәтижесіне негіздей отырып, қазіргі сабақ бұрынғысынан несімен ерекшеленетіндігі (оқушының да, мұғалімнің де жүктемесі белгілі дәрежеде артқан) туралы ақпараттарды таныстырып, ата-аналар тарапынан қолдау, көмек алу;
- Жаңа оқу жылы бастала сала, сараптама нәтижесі шыққан соң, ата-аналар жиналысын ұйымдастырған жөн. Бір айдан кейін оқушы дамуында қандай ілгерлеушілік болғандығын таныстыру мақсатында ата-аналар жиналысын қайта істеу керек.

БЕС. МҰҒАЛІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН ҚОСЫМША АҚПАРАТТАР

I. Оқушының жетістігін бағалау түрлері

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау оқу үдерісінің маңызды да салмақты бөлігі болып табылады. Мұғалім үшін шәкіртінің алған білімін бағалау аса маңызды. Өйткені кез келген оқушы алған бағасының әділ болғанын қалайды. Баға арқылы бала өзі туралы ойын реттеп, сыныптағы беделін нығайтады. Сондықтан мұғалім баға қоюға өте мұқият болуы керек. Оқушылардың оқу жетістіктерін дұрыс бағаламаудың салдарынан, бала санасына жазылмас жара салатын жағдайлар да кездесіп жатады. Сондықтан да бағалау мұғалімнен жауапкершілік пен сенімді талап етеді. Бағалау ұтымды, әділ болса, оқушының талпынысына, қызығушылығына жол ашады.

Сонымен қатар, оқушының өзін-өзі және өзгелерді бағалап үйренуі де маңызды. Өзін және өзгелерді бағалауға дағдыланған оқушы өзін еркін ұстап, ойын дәл жеткізе алатын, сыни тұрғыдан ойлай алатын, тұжырым жасай білетін, көшбасшы бола алатындай біліктерді қалыптастырады. Ең маңыздысы оқушылар өз іс-әрекетін, сыныптастарының, құрбы-құрдастарының іс-әрекеттерін, жетістіктерін бағалауды және жауапкершілікті үйренеді.

Оқушылардың сабаққа даярлығының, қабілетінің көрінісі бағамен есептеледі. Бағалауды өткізу үшін оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын, сонымен қатар, олар қандай қиындықтармен кездесуі мүмкін екендігін анықтау қажет. Қарапайым түсіндірсек, мұғалім оқушыны оқыту үшін бағалайды және оқуды бағалайды. Оқытуды бағалаудың мақсаты оқушы қазіргі уақытта не оқып білгенін жинақтау болып табылады. Ал оқыту үшін бағалау - бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау. Бағалаудың бұл түрі мұғалімдерге сыныптағы оқушылардың үлгерімін бақылап отыруға мүмкіндік береді.

Оқыту үшін бағалау арқылы бала өз жұмысын ғана емес, басқаның жұмысын саралап, талдап, бағалай алады. Ең бастысы, алдағы жұмысының бағытын анықтай алады. Оқушының жұмысын өлшемдер арқылы бағалау нәтижесін жақсартуға, не істеу керектігін түсінуге мүмкіндік берсе, жетістігі үшін мадақтап, қолдау көрсету бойына сенім ұялатады.

Мұғалімнің қызметінде оқушының жетістіктерін тиімді бағалауды жоспарлауда бағалаудың мақсатын білу қаншалықты маңызды болса, оның жеке түрлерін білу соншалықты маңызды. Осы өлшемдер бойынша бағалау мынандай үш түрге бөлінеді:

- Диагностикалық бағалау (гарааны үнэлгээ);
- Қалыптастырушы бағалау (явцын үнэлгээ), бағалаудың бұл түрін формативтік, ағымдық бағалау деп те атайды.
- Жинақтаушы бағалау (үр дүнгийн үнэлгээ), суммативтік бағалау деп те аталады.

1. Диагностикалық бағалау

Оқушының білім, іс-әрекет, дағдысы мен құзіреттілігінің қалыптасуының алғашқы деңгейін анықтау. Диагностикалық бағалау әдетте оқу жылының басында немесе бір тақырыпты, тарауды оқытудың алғашқы сабағында жүргізіледі. Бағалаудың бұл түрі оқушыға да, мұғалімге де қазіргі жағдай мен талаптар туралы дұрыс көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді. Диагностикалық бағалаудың қажеттілігі мыналар арқылы анықталады:

- оқушылардың даярлық деңгейінің әр түрлілігі;
- оқыту мазмұнын тізбектей, ретімен қалыптастыру;
- оқушының білім алу процесі мен оқытуға таяу арада қажет болатын даму талаптары мен мүмкіндіктерін көре білу қажеттілігі.

Диагностикалық бағалаудың мақсаты пән бойынша тақырыпты немесе тарауды оқуды бастарда, оқытудың мақсатына қатысты оқушының алатын орны туралы ақпарат алу болып табылады. Диагностикалық бағалау мұғалімге оқушының сұранысы бойынша оқу жоспарын өзгертуге немесе алдағы уақытта оқып-үйренуде туындайтын қиындықтарды жеңуді болжауға көмектеседі.

Тапсырмалардың орындалуына талдау жасау үлгісі

(4-сыныптың “Ана тілі” пәнінің бағалау тапсырмалары бойынша)

Біліктер	Тыңдалым, айтылым			Оқылым		Жазылым, түйінді білік		Барлық ұлай
	Мәтінің тақырыбын анықтау	Оқиғалар ретін анықтау	Тірек сөздердің көмегімен екеуара әңгіме құрастырып айту	Сұраққа жауап беру, сұрақ қою	Мазмұнын жүйелі баяндау	Көптік жалғаулы сөздерді анықтау, қосымшаларды орынды қолдану	Сөйлем түрлерін ажырату, тыныс белгілерін дұрыс жазу	
Оқушылардың аты жөні, ұпайы	1	1	2	4	2	1	3	14
Оқушы 1								
Оқушы 2								
Оқушы 3								
Оқушы 4								
...								
Жоғары деңгей								
Орташа деңгей								
Төмен деңгей								

Диагностикалық бағалаудың бірінші қадамы – оқушының бір тақырыпты, бөлімді оқығанға дейінгі жинақтаған білім қорына немесе дағдысы мен құзіреттілігінің деңгейіне сүйеніп, оның білім алу деңгейін алдын ала сараптау. Бұл жұмыс мұғалімге жаңа тақырыптың қай бөлігінде оқушыға қиындық туындайтынын анықтауға және бұл қиындықтарды болдырмау қадамдарын жоспарлауға көмектеседі.

Диагностикалық бағалаудың екінші қадамы – жаңа тақырып бойынша оқушының білімін, іс-әрекеті мен дағдысын, құзіреттілігін тексеру болып табылады. Мұғалім тестілеуді тақырыпты оқудың соңында жүргізіп, оқушы өтілген тақырыпты қаншалықты дұрыс қабылдағанын, құзіреттіліктерді меңгеру дәрежесі туралы ақпараттар алады.

2. Қалыптастырушы бағалау

Оқушының жетістіктерін бағалауда оқытудың «кері тартпа» жақтарын жоятын, оқу үрдісінде жекелей оқытуға ықпал ететін оқушының өздігінен оқуы мен оқуға деген ынтасын арттыруға әсерін тигізетін бағалаудың бірі қалыптастырушы (формативтік) бағалау, сонымен қатар оны оқытуды жақсарту үшін бағалау (ағымдық) деп те атауға болады.

Бағалаудың бұл түрі – оқушының білім алуын үнемі бақылап отыратын мақсатқа бағытталған үзіліссіз әрекет. Қалыптастырушы бағалаудың мақсаты оқу процесі барысында оқушы мен

мұғалімнің іс-әрекетіне түзетулер енгізу болып табылады. Түзетулер енгізу - білім алу нәтижесін жақсарту үшін мұғалімнің немесе оның оқушылармен бірігіп жаңа мәселелерді ұсынуы. Бұл бағалау мұғалімге оқушылардың оқуда мақсатқа жету процесін қадағалап отыруға мүмкіндік береді және оқу процесіне дер кезінде өзгертулер мен түзетулер енгізуге, ал оқушыға өзінің білім алуында жоғары дәрежедегі жауапкершілікті сезінуіне көмектеседі.

Қалыптастырушы бағалаудың ерекшеліктері:

- Күнделікті тәжірибеде қолданылады (сабақ сайын, күнделікті).
- Оқушыға да, мұғалімге де қолайлы түрде пайдаланылады.

Қалыптастырушы бағалау ретінде рубриканы кеңінен қолдануға болады.

Рубрика дегеніміз белгілі бір тапсырманың немесе оқу әрекетінің орындалуы бойынша бағалау талаптарының жинағы. Ол – бағалау талаптарына сәйкес оқу жетістігінің деңгейлерін анықтайтын бағалау құралы. Ондағы бағалау талаптары оқытудың міндеттерімен анықталады. Ал, талап көрсеткіштері әр талап бойынша оқушы жетістіктерінің деңгейін көрсетеді.

Рубриканың маңыздылығы – бағалау сыртқы әсерсіз, әділетті болатындығында. Сондықтан бағалау әрекетіне рубриканы қолданудың мынадай артықшылықтары бар:

- Бағалау өлшемі анық, нақты.
- Бағалау себебі түсінікті болғандықтан, әділ бағаланады.
- Әркімнің өзін-өзі бағалауына мүмкіндік бар.
- Оқушының қатысу белсенділігін, ынтасын арттырады.
- Бағалауға аз уақыт жұмсалады.

Рубрика кесте түрінде беріледі және кестенің тік торкөздеріне сапа деңгейі, көлделен торкөздерге талаптар жазылады. Кейбір жағдайларда керісінше, орындарын ауыстырып беруге болады. Сапа деңгейі мен талаптарды кестеге қалай орналастыру - мұғалімнің өз қалауы.

Рубрика жасаудың мынадай қадамдары бар:

1. Берілетін тапсырманың мақсатын анықтау (қандай білім, білік, құндылықтарды бағаламақпыз?);
2. Бағалау талаптарын анықтау;
3. Тапсырмалардың орындалуын деңгейге бөліп, жіктеу (3-5 деңгейлі болса жақсы, орындау деңгейіне сай ұпай беруге де болады);
4. Талап көрсеткіштеріндегі деңгейаралық айырмашылықтарды жақсы анықтау;

Рубрика жасауда төмендегі жағдайларды ескерген жөн.

- Параллель топтарға сабақ үйрететін мұғалімдер талап көрсеткіштерін бірге әзірлейді.
- Оқушылармен бірге жасауға болады.
- Мұғалім оқушыларды бағалаудың деңгейі мен талаптарын және берілген тапсырмалардың мөлшеріне сәйкес оқушыны қандай талаптар бойынша бағалау қажет екендігін анықтайды. Бағалау көрсеткіштерін алдын ала анықтап алу мұғалімнің уақытты ұтымды пайдалануымен қатар, бағалаудың нақты болуына көмегін тигізеді.
- Рубрика оқушыларға сабақ басталардан бұрын таныстырылады. Өйткені ол оқушылардың алатын білімдерінің ауқымы болып табылады.
- Мұғалім сөз немесе басқадай белгілеу түрлерін /дұрыстау белгісі, дөңгелектеу тағы басқа шартты белгілер/ пайдалана отырып, рубриканың барлық көрсеткішін деңгейлестіреді. Әр көрсеткішке ұпай беру уақытты алу, барлық мәтінді қайталап оқу сияқты қиындық тудыратындықтан, сөз немесе басқа шартты белгілеу түрлерін пайдалану оңай болады.

Рубриканың қайбір бөлігінде қиыншылық туындаса, мұғалім сол бөліктің жасалу әдістемесіне баса назар аударғаны жөн.

Рубриканың екі түрі бар:

- Аналитикалық (сараптау) рубрика
- Холистикалық (бір жақты) рубрика

Аналитикалық рубриканың ерекшелігі:

- Оқушының артықшылықтары мен осал тұстарын анықтап, айқындап береді.
- Оқушыға және мұғалімге игеру, игерту барысы жайлы ағымдық ақпарат береді.
- Көп уақыт кетеді.

Оқу білігін бағалауға арналған аналитикалық рубрика кестесі

Ауқымы	I деңгей	II деңгей	III деңгей	IV деңгей
Дұрыс оқу				
Сөз тіркестерімен оқу				
Сезініп оқу				
Жылдам оқу (1 минутта оқыған сөз саны)				

Холистикалық рубриканың ерекшелігі:

- Оқушының артықшылықтары мен осал тұстары туралы анықтап, нақтылауға бағытталмайды.
- Орындауға жалпылама ұпай беріледі.
- Уақыт сәл аз жұмсалады.

Оқу білігін бағалауға арналған холистикалық рубрика кестесі

Ұпай	Талаптар
4	
3	
2	
1	

Бұл бағалауда әрбір оқушының жеке жетістіктері басқа оқушылармен салыстырылмайды, оқу нәтижесі әкімшіліктік қорытынды ретінде қарастырылмайды. Бағалаудың бұл түрінің қалыптастырушы болып аталатындығы бағаның нақты бір оқушыға, оның білім мазмұнын меңгерудегі кемшіліктерін анықтауға, оның орнын барынша тиімді толықтыруға бағытталған. Оқушы өзін бақылап, өзінің әрекет тәсілдерін таңдайды, нәтижелерін өзі бағалайды, оны мұғалім жалғастырады. Осылайша бала мақсат қоя білу, күтілетін нәтижені жоспарлау, оны бақылау тәжірибесін жинақтау арқылы өзінің түйінді біліктерін қалыптастырады.

Сондай-ақ, қалыптастырушы бағалаудың негізі мотивация (ынталандыру) және белсенді оқыту әдістері болып табылады. Және бағалаудың оқу процесінде атқаратын үш қызметі бар, оның негізгісі - дамытушылық қызметі. Оны бағалаудың басқа түрлерімен салыстыру арқылы айқын көре аламыз. Мәселен, диагностикалық бағалау - әрекеттің бастапқы, түпкі деңгейін анықтайды. Ал, қорытынды, яғни жинақтаушы бағалау - әрекеттің соңғы деңгейін анықтайды. Қалыптастырушы бағалаудың қызметі оқу процесі кезінде ауыспалы жағдайларды басқарып отырудан, мақсатқа жету әрекетін қамтамасыз етуден, бұл әрекетке бақылау жасаудан және қажет кезінде оқу процесін өзгертуден тұрады.

3. Жиынтық бағалау

Мұғалімдерге, білім алушылар мен ата-аналарға ұсыну үшін оқу бағдарламасындағы бөлім/ортақ тақырыптар бойынша ұпай, баға қою арқылы белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан / жарты жыл, оқу

жылы, орта білім беру деңгейі) аяқталғанда өткізіледі. Бұл белгілі бір кезеңде оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру деңгейін анықтауға, тіркеуге мүмкіндік береді. Қалыптастырушы және жиынтық бағалау нәтижелерін мұғалімдер оқу үдерісін жоспарлау, өзінің оқыту тәжірибесін жетілдіру үшін қолданады.

Жиынтық бағалау белгілі бір оқу кезеңінде оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін тіркеу, анықтау үшін жүргізіледі. Тіркеу үдерісі кезінде оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушылардың білімін, дағдысын көрсететін дәлелдерді жинау жүзеге асырылады. Жиынтық бағалау тоқсан барысында (бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау), тоқсан соңында (тоқсандық жиынтық бағалау) және білім беру деңгейін аяқтағанда (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) жүргізіледі.

Жиынтық бағалау бойынша ұпай / деңгей / баға туралы шешімді мұғалім бағалау көрсеткіштеріне сәйкес қолданады. Сонымен бірге мұғалімге әр білім алушының жұмысы бойынша дұрыс шешім қабылдауы үшін қадамдар немесе ұпай қою кестелері көмектеседі.

Мұғалім бағалаудың қай түрінде де төмендегі жағдайларды ескергені абзал:

- Оқушының үлгерімін келесі оқушының үлгерімімен салыстыруға болмайды. Бұл оқушының екпінділігі мен ынтасын төмендетіп, жетістігі төмен оқушыға жан-жақты кері әсер етеді және жетістігі жоғары оқушы болуға ұмтылуға мүмкіндік бермейді.
- Оқушының өзінің алдыңғы үлгерімін кейінгі үлгерімімен салыстырып, ілгерлеушілігін немесе осал қырын түсіндіріп, олқылығын толтыру үшін бірлесе жұмыстау;
- Өзін-өзі бағалап үйренуіне көмектесу;
- «Мен нені білмеймін? Нені білуім қажет? Қалай білім аламын?» деген сұрақтар бойынша өз бетінше ізденіп, талаптануына мүмкіндік жасау;
- Бағаның сыртқы түріне мән бермей, ішкі мәнін түсіну арқылы жетістікке жету қажет екендігін түсіндіру, яғни оқушыны өз қателігінен сабақ ала отырып, түсінген тұрғыда оқуға, сапаға баса назар аударуға дағдыландыру;
- Бағалаудан болып, оқушының көңіліне қаяу түспейтіндей, әділ болу;
- Бағалау оқушыны басқару мақсатында қолданылатын «психологиялық құрал» болмауы керек;

II. Бастауыш сынып оқушыларының физиологиялық ерекшелігі

Бойының ұзындығы: 4-7 жас баланың қарқынды өсуінің екінші кезеңі болып саналады және бойы жыл сайын 5-7 см өседі.

Салмағы: Қыз балалардың салмағы жылына 6-7 жасында 2 кг, 7-8 жасында 3-4 кг, 8-9 жасында 3 кг, 9-10 жасында 3 кг-мен артады, ал ұл балалардың дене салмағы 6-7 жасында 2 кг, 7-8 жасында 3-4 кг, 8-9 жасында 2 кг, 9-10 жасында 2 кг-ға артады.

Кеуде шеңбері: жылына 1.4–2.9 см-ге өседі. 6-8 жасқа дейінгі қарқынды өсу кезеңінде 2.2–2.9 см-ге артса, 8-11 жаста кеуде шеңберінің өсу қарқыны сәл баяулап, 1.4-1.9 см-ге артады.

Бұлшындары: Бұлшындарының күш-қуаты біршама артқанымен, алақан, саусақтың кішкентай бұлшындары аса жетіле қоймайды, жылына 1–2 кг қосылады. Оң қолының қысып ұстау шыдамы сол жақ қолының шыдамынан 1-2 кг артық болады.

Жеті жасында өкпе жасушаларының түрлену процесі негізінде аяқталып, тыныс алуы тереңдеп, саны азаяды. 6-7 жастағылар 1 минутта 20-22 рет дем алады. 8-11 жаста өкпе жасушаларының өсуі жалғасып, тыныс алу тереңдігі, тыныс сыйымдылығы артып, 1 минутта 18-20 рет тыныс ала алады. 6 жастағы қыз балалардың өкпесінің тыныс алу жиілігінің қалыпты көрсеткіші 136 л/мин, ұл балаларда 138 л/мин болса, 10 жастағы қыз балаларда 218 л/мин, ұлдарда 238 л/мин болып артады.

Жүгіру жылдамдығы: 30 метрге жүгіру көрсеткіші артады. 8 жастағы қыз балалардың физиологиялық дамуы ұл балалардан алда болғанымен, бастауыш сыныпта ұлдар қыздардан жылдам болады.

Қол қуаты: Төменгі сыныпта балалардың қол бұлшындарының қуаты осал болады. Жазу, сызу, бояу әрекеттерінің әсерімен алақан, саусақ бұлшындары шынығады.

Аяқ қуаты: Аяқ қуаты қол қуатына қарағанда әлдеқайда жылдам дамиды. Аяқтың тіреу қуаты баланың жасы өскен сайын жақсарады. Бұл олардың күні бойы жүру, жүгіру, секіру, ыршу әрекеттерін тынымсыз істейтіндіктеріне байланысты. Бастауыш сыныпта қай жаста болса да, қыз балалардың бойы ұзын болады, бірақ ұзындыққа секіруде ұл балалар артық болады. Әсіресе, 10 жаста ұлдардың ұзындыққа секіру көрсеткіші қыздардан орта есеппен 20 см артық болады.

Күш-қуат, ширақтық: Баланың кеңістікті жобалау арқылы өз қозғалысын басқаруы, тез, жылдам қозғалу біліктілігі төменгі сыныптардан бастап қарқынды дами бастайды. Әсіресе, бейімділік пен ептілікті қажет ететін қимыл-қозғалыс білігінің даму негізі төменгі сыныптарда қалыптаса бастайды.

Төзімділік: Баланың тыныс алу, жүрек, қан тамырлары жүйесінің іс-қызметіне байланысты, бір жаттығуды ұзақ қайталау шыдамы нашар болады. Әсіресе, қыз балаларда 10 жасында, ұлдарда 8 жасында төзімділік көрсеткіштері біршама артатындығы байқалады. 300 және 500 м қашықтыққа жылдам жүгіруде төменгі сыныпта ұл балалар қыздардан артық болады.

Балаларға жаңадан білім, білік, дағдыларды игертуде жаттығу, қозғалыс түрлерін үнемі араластырып, үйлестіріп отыру алдыңғы білім, білік, дағдыларын жаңғыртып, пысықтауда маңызды міндет атқарады. Сондықтан күнделікті сабақта төмендегі әрекеттерді әдетке айналдырған жөн.

- Барлық баланың физиологиялық даму көрсеткіштерін анықтап, телесабақтардың мазмұнымен сабақтастыра отырып сараптама жасау;
- Балаларға сабақтың басында қарапайым жаттығу, қимыл-қозғалыстар жасату;
- Жаттығуда жүру, жүгіру, секіру – бәрі аралас болу;
- Екпінмен секіру жаттығуы қатарлы жаттығуларды орындату арқылы аяқтың қуатын арттыру (жас ерекшелігін ескеру);
- Баланың шымырлылығын дамытатын тартылу жаттығуларын жас ерекшеліктеріне сәйкес жасату;
- Баланың қозғалыс ептілігін, күш-қуатын дамытуда қозғалысты ойындар, доп лақтыру қимылдарын жастарына сәйкес қолдану;
- Бұл жастағы балалар жүгіріп, секіргенді жақсы көретіндіктен, оларды сыртта, алаңда жарыстыру, жақын қашықтықта жүгірту қатарлы қимыл-қозғалыстарды жастарына сәйкес орындату (жылдамдық сапасын арттыру үшін);
- 2-5 минуттық жеңіл жүру, жүгіру, музыка ырғағына сәйкесетін жаттығу, қозғалыстарды үнемі орындатудың төзімділік қасиетін арттыруда маңызы зор.

Күзде мектеп тарапынан сабақтан тыс жүрілетін жоспарлы жұмыстардың барлығын спорттық жарыс түрінде ұйымдастыру, эстафета, көңілді ойындар арқылы балалардың жүктемесін жеңілдетуге назар аударған дұрыс.

Балалар сыныпта отырып сабақ оқымағалы өте ұзақ уақыт болғандықтан, сабаққа құлықсыз болулары мүмкін. Сондықтан көңілді, шаршатпай, үзіліс жасата отырып, бір жолда бірнеше әрекетті қатар жүзеге асыратындай денешынықтыру сабағын ұйымдастыру нәтижелі болары сөзсіз.

III. Оқыту үдерісінде баланың өзіндік ерекшелігін ескеру

Оқыту, дамыту әрекетін баланың жасы, физиологиялық, психологиялық өзгешеліктері, оқу, үйрену әдіс-тәсілдерін игеруі қатарлы өзіндік ерекшеліктеріне сүйене отырып жүргізу оқыту, дамыту әрекетінің нәтижесін арттырудың тиімді жолы болып саналады. Сондықтан, ұстаздарға көмек болсын деген ниетпен бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты кейбір ақпараттарды ұсынып отырмыз.

6-10 жастағы балалар мектепке кірген соң, қарым-қатынас, байланыс ауқымы кеңейіп, басқалармен достасуы, физиологиялық, танымдық біліктілігі шыңдалып, тұлғалық, дербестік мүмкіндігі артады және оқу, үйрену әрекеті басым бола бастайды. Бұл балалық шақтың орта кезеңі болып есептеледі.

Бұл жастағы балалардың дүниетанымы нақтылық сипатқа ие. Әйгілі психолог Ж.Пиженің айтуынша бұл кезең - «сананың нақты, деректі әрекет» кезеңі. Өйткені бұл жастағылар ойлаған нәрселерін деректі түрде сезінеді. Демек, бұл жастағылардың ерекшелігі – шынайылығы. Баланың жасы үлкейген сайын, дүниетанымында дерексіз түрде ойлау, елестету пайда бола бастайды. Баланың танымдық дамуында адамдар арасындағы қатынас пен оқып-үйрену маңызды міндет атқарады. Сондықтан бұл жастағы балалардың дүниетанымының дамуына ата-аналар мен мұғалімдер ерекше ықпал етеді. Баланың ақыл-ойының қалыптасуы артып, сөздің көп мағынасын, ауыспалы мағынасы мен жуық мағыналарын білетін болады. 6-12 жастан баланың ақыл-ойының қалыптасуы жеделдеп, сөздің көп мағынасын жақсы түсінетін болады. Бұл олардың дерексіз ойлауына, оқу, үйрену әрекетіне байланысты.

Төменгі сынып оқушылары затты, нәрсені өзіне қалай көрініп, сезіліп тұрғаны бойынша санамалап, жай сөйлемдермен айтуға тырысады, ал жастары үлкейген сайын қорытындылап, құрмалас сөйлемдермен айтуы артады.

Баланың қарапайым заттар мен ұғымдарды сыртқы пішіні, бейнесі, түрі, түсі деген сияқты сипаттарына қарай салыстыра отырып, топтарға бөліп, жіктеу әрекетін жас ерекшеліктеріне сәйкес сабақ элементтеріне енгізу үлгісі:

- Қарапайым заттар, сөз, атауларды ұқсас сипаттарына қарай топтау;
- Қандай бір затты, ұғымды ұқсастығына қарай жіктеу;
- 8-9 жастағыларға қандайбір затты пішін, бейне арқылы белгілеп, топтау;
- 9-10 жастағыларға затты белгілі бір қасиетіне, сипатына қарай топтау әрекеттерін орындаттыруға болады. (мысалы: балалардың киттің қасиеттеріне сүйене отырып, оның сүтқоректі екендігін дәлелдеуі себеп пен салдарды елестетіп, дерексіз ойлай алуын көрсетеді деген сөз).
- Балаға өзі орындап отырған жаттығу, тапсырманың орындалуын ретімен түсіндіру, себеп-салдарын өз ойымен жеткізу әрекеттерін үнемі істету; Мұндай жағдайда мұғалім себеп-салдарды түсіндіру ретінің үлгісін өзі әзірлеп беруі керек. Мұғалім әзірлеп берген бұл үлгі ауызша немесе жазбаша үлгі жай, қысқа сөйлемдер арқылы берілу, балаларға таныс сөздерден құралған болуы, бейтаныс сөздерді түсіндіріп беруі, түсінгендерін қайталап сұрау, ретті болуы керек.
- Баланың істеп отырған немесе істеген әрекеті, көріп тұрған заты туралы әңгімелеп айтуы: мысалы, 6-7 жастағы баланың берілген пішіндегі алғашқы және кейінгі бейне, оларды байланыстырушы түстер деген сияқтыларды рет-ретімен баяндап айта алуы заттар мен ұғымдардың мәнін, олардың өзара байланысын, ретін түсіну білігін дамытумен қатар, ой-пікірін ретті жеткізу білігін шыңдайтын қарапайым тәсіл болып табылады.
- Мұғалім тарапынан балалармен еркін қатынасу, бірге жұмыстау әрекеттерін сабақ жоспарына енгізу;
- Үй тапсырмасы бала қиналмайтындай әрі ата-анасы, қамқоршылары баламен бірге орындай алатындай, көп түсіндіруді қажет етпейтіндей, жеңіл болғаны жөн. Мысалы: баламен бірге түрлі бейне, суреттер құрастыру, бір-бірінен айырмашылықтарын табу сияқты ойындар ойнау, жастарына сай ертегі, әңгімелер оқып беру, оның мазмұны, мән-

мағынасы жайлы әңгімелесу, балаға айтқызу, бояуға арналған кітапшаларды бояу, сұлба сызық бойынша тапсырмалар орындау;

- Баланы ынталандырудың түрлі тәсілдерін қолдану және жастары үлкейген сайын ынталандыру мейілінше нақты, деректі болу керек екендігін ескеру;
- Дерексіз мәндегі сөздер, сын есімдер, жуық және көп мағыналы сөздердің мағынасын түсіндіру; мәтінде қандай мағынада қолданылып тұрғанын дұрыс анықтау, талқылау қатарлы баланың сөздік қорын арттыру мақсатындағы әрекеттерді жиі ұйымдастыру;
- Баланың ой-пікірін тұтас сөйлеммен толық жеткізуіне қолдау көрсету үшін мұғалім жетекші сұрақтарды алдын ала жоспарлау, ойланып жауап беруін қадағалау;
- Сабақты бала өзін дене ұстап, ыңғайсызданбай, емін-еркін сезінетіндей етіп ұйымдастыру. Ол үшін сабақта ойын түрлерін, техникалық құралдар мен нақты заттарды көп қолдану (асық, кішкентай ойыншықтар пайдалануға болады);
- Өзінің ой-пікірін нақты, түсінікті, басқаларға естілетіндей анық жеткізіп үйренуіне көмектесу;

6-10 жастағы бала өзінің басқалардан өзіндік айырмашылығы бар адам екенін сезінеді, өзінің күш-қуатына сенеді. Және бұл кезеңде басқалардың көңіл күйін ұғу, басқаның орнына өзін қойып көріп, түсіну біліктері дамиды. Дос-жаран, құрбы-құрдас, ата-анасымен ашық-жарқын, белсенді қатынасады, мұғалімі мен ата-анасының ақыл-кеңес, тапсырмаларын орындайды. Ереже, тәртіптің маңызын түсініп, оны жақсы ұстанады. Олардың қоғамдасуына, дамуына ата-аналарының оң көзқарасы, баласымен жылы қарым-қатынасы жақсы ықпал етеді.

Мұғалім сабақты бала басқаны тыңдап, құрметтейтіндей, білмегенін мұғалімінен, достарынан сұрап, көмек алатындай, психологиялық тұрғыдан жайлы ауан қалыптастырып, бір-бірімен пікір алмасып, ой бөлісетіндей етіп ұйымдастырады. Сондай-ақ, балалар ынтымақта, бірге жұмыстайтындай мүмкіндік тудыру, өзіне-өзі сенімді болуын қолдау үшін, өзіне лайықты жаттығу, тапсырмалар орындату арқылы өзінің табыс, жетістігін сезіндіруді ескерген жөн.

VI. Бірінші сыныптың “Дайындық” оқу бағдарламасына шолу

Оқушының мектеп ортасы мен оқу әрекеттеріне бейімделуіне, оқуға деген қызығушылығы мен ынта-жігерінің оянуына, оқу, жазуға үйренуіне қолдау көрсету мақсатында 3 апта “Дайындық” оқу бағдарламасы іске асырылады. Бұл бағдарламаның мазмұны:

Өзі ойын білдіру, басқалармен қарым-қатынас жасау:

- Өзін таныстыру, көрген-білгенін айту;
- Сәлемдесу, басқаны құрметтеу, рұқсат сұрау, алғыс айту, көмектесу, көмек сұрауға байланысты сөздерді қолданып, әдепті, кішіпейіл болу;
- Мектеп, сынып ішімен танысу (мектеп, сынып, асхана, спорт зал, кітапхана, мектеп ауласы, әжетхана т.б.);
- Мектеп айналасындағы, сыныптағы заттар, оқу құралдарын атау, дұрыс пайдалану;
- Ойын ережесін ұстану, бірге ойнау, бірігіп жұмыстау;
- Мұғалімнің және жолдастарының сөзін тыңдай білу, түсіну, өз ойын жеткізу.

Дүниетанымы:

- Ертегі, әңгімені тыңдап, мазмұнын айту, тақпақ, жаңылтпаштар айту, жұмбақ айту, шешу;
- Суретке қарап әңгімелесу, суретті оқиға реті бойынша орналастыру;
- Сурет салу, бояу, әшекейлеу;
- Қоршаған орта, табиғаттағы дыбыстарды тыңдау, оларды ажырату, ән айту;
- Заттарды бақылау, атау, санау, салыстыру, олар жайлы әңгімелеу;
- Таныс тақырып аясында сұрақ қою, жауап алу;

Денсаулық, қозғалыс, ширақтығын дамыту:

- Дене шынықтыру жаттығуларын жасау, ойындар ойнау;
- Ұстау, бүктеу, жапсыру, қию, сызу, бояу арқылы ептілікке, икемділікке үйрену;
- Жеке басының тазалығын сақтау (жуу, тамақтану, киіну, дәрет алу);
- Қайшы, сызғыш, бояу, қарындаш сияқты үшкір затты қолданғанда, қауіпсіздік ережесін сақтау, өзін дұрыс алып жүру.

Дайындық кезінде балаларды бір ұжымға ұйымдастыруға баса назар аударылады. Өйткені 6-7 жасар бала мектепке оқуға келуіне байланысты, жаңа ортамен, жаңа адамдармен (мұғалім, балалар) үйренісіп, олармен қарым-қатынасқа түсе бастайды. Мұндайда балалардың барлығын біріктіретін, әсіресе, бір-бірінен сұрап, анықтау арқылы орындайтын тапсырмалар беру оларды жақындастырады. Сонымен қатар, балаларды біріктіруде ойын ерекше рөл атқарады.

- Мектеп, сынып ішімен танысу, мектеп тәртібі, оқу құралдары мен оқу жабдықтарын пайдалану тәртібін үйретуге ерекше көңіл аударылады. «Партаға түзу отыр», «Қаламды дұрыс ұста» деген сияқты ескертулер жиі жасалып, балалар отыру, жазу, қалам ұстау ережелерін бұлжытпай орындауға жаттығады.
- Мұғалімнің және жолдастарының сөзін тыңдай білуге дағдылана бастайды.
- 6 жасар баланың зейінінің шоғырлану уақыты аз болады. Сондықтан баламен әңгіме қысқа (4-6 минут), әсерлі, мәнерлі, тақырыбы жағынан балалардың күнделікті өмірімен ұштасып келуі қажет.
- Қарындашты, қаламды қалай ұстау керектігін үйретіп, саусақтарын бұгу, жазу, ауаға жазып жаттықтыру;
- Балалардың тілі мен ойын дамыту жолында алуан түрлі жұмыстар ұйымдастырылады: әңгімелесу, көркем шығарма оқу, ауыз әдебиеті үлгілерін (жұмбақ, мақал, мәтел, жаңылтпаштар т.б.) жатқа айту, өлең жаттау, сурет, саяхат жайында әңгіме барысында мұғалім өзі қоятын сұрақтарын мұқият ойластыру;
- Жазуға дайындық жұмыстары жасалады: партаға дұрыс отыру, қарындаш, қаламды дұрыс ұстау, дәптерді партаға дұрыс қою, өшіргішті пайдалану сияқты жұмыстармен қатар, балалар дәптердің сызығымен танысады: өздері тік, көлбеу, ирек сызықтар сызып дағдыланады. Оқушылардың қолын жазуға жаттықтыру үшін мұғалім әріп элементтеріне ұқсас бейнелер жасап, оны оқушыларға сыздырады.

«Дайындық» бағдарламасы аяқталған соң, пәндер оқытыла бастайды. Ең әуелі оқулықтармен танысады. Олардың бірі – «Ана тілі» пәні. «Дайындық» бағдарламасынан кейін, сауат ашуға даярлық кезеңі жалғасады.

Мұнда:

- Балалардың сөздік қорын анықтау. Балаларға ауызша қысқа-қысқа сөйлемдер құратып, өз ойларын айтып беруге дағдыландыра бастау;
- Балалардың тіліне, сөйлеу мәнеріне көңіл аудару; тілдің мүкістігі, кейбір дыбыстарды анық айта алмауы қатарлыларды жою бағытында жұмыстар ұйымдастыру; Мысалы: Айтылуы ұқсас сөздерді дұрыс айтқызу;
- Сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы ауызша түсінік беріп, бұл атаулардың мағынасын ұғындыру; Сөйлемді сөзге, сөзді буынға, буынды дыбысқа жіктеуге дайындық жүргізу; Мысалы: “д – о – п” деп дыбыстап, қандай сөз шыққанын тапқызу арқылы дыбысты дұрыс естіп, айтуға, кейін әріптен сөз құрап оқуға дағдыландыру керек.
- Тірек сөз, сурет, сызба бойынша сөйлем құрату.

Балалардың басым бөлігі отбасы, балабақшадан мектепке ауысуына арнайы әзірлікпен келсе, кейбірі мектепалды оқуға қамтылмағандықтан, әртүрлі деңгейде болады. Сондықтан баланың мектеп ортасына тез бейімделіп кетуі үшін ата-аналармен бірлесіп жұмыстаған жөн.

Ата-аналар мен қамқоршыларға кеңес:

- Баланың қателігінен гөрі жетістіктеріне баса назар аударып, ынталандырса, оның мінез-құлқының өзіне-өзі сенімді, қорқыныш, үрейсіз қалыптасуына жақсы ықпал етеді.
- Анасының, әсіресе әкесінің бос уақытын балаларымен бірге өткізуі, оларға кітап оқып беруі, әңгімелесіп, көмектесуі баланың басқалармен қарым-қатынас жасау белсенділігіне, жайдары, көпшіл, бауырмалдық қасиеттері артып, жетістікке ұмтылуына, жетуіне жақсы ықпал етеді.
- Балаларға жанұяда таңертең, кешкілік өздеріне сәйкесетін қарапайым қозғалыс, жаттығуларды 5-10 минут тұрақты орындатып отыру қажет.
- Балалардың белгілі бір ереже бойынша бәсекелесетін ойындарды ойнап үйренулеріне қолдау көрсету де тиімді болады.

Сондай-ақ, бірінші сыныпқа жаңадан кірген оқушыларға төмендегі дағдыларды қалыптастыруларына кеңес береміз:

1. Басқалармен сәлемдесуді үйрету;
2. Киімін өзі жылдам киіп, шешуді үйрету;
3. Басқалардың әңгімесін 5-7 минут мұқият тыңдап отыруды үйрету;
4. Киім-кешегін балабақшада үйренгені бойынша жинап, бүктеу;
5. Тамақтанған кезде қасық, шанышқыны дұрыс ұстап, дұрыс отырып, тамақты асықпай, жақсылап шайнап жеуді үйрету;
6. Басқаларды құрметтеп, сыйлауды үйрету;
7. Үй тапсырмасын тұрақты орындау жетістікке жетудің бір қадамы екендігін түсіндіру;
8. Бала қателік жасаса, «Мұғаліміңе айтамын» деп қорқытуға болмайды, керісінше, мұғалімі оның досы, жанашыры, көмекшісі екендігін айтып, түсіндіру;
9. Үйде өзіне лайықты жұмыстарды тұрақты істетіп отыру;
10. Сурет сызғызу арқылы, үстелге 35 минут сабыр сақтап отыруға біртіндеп дағдыландыру;
11. Мектеп пен балабақшаның өзара айырмашылықтарын жақсылап түсіндіру;
12. Ұжымы, достары, мұғалімдері, мектебі туралы, олардың ерекшеліктері туралы барлығын егжей-тегжейлі айтып, түсіндіріп отыру;
13. Күнде шағын тапсырмалар орындатқан сайын, неліктен оқу керек екендігін, өзіңіздің жақсы оқудың арқасында қандай жетістікке жеткендігіңізді, өз бетінше оқып, үйренудің маңыздылығын әңгімелеп, айтып отыру;
14. Балаға айқайлап ұрсуға, жәбірлеп, айыптауға болмайды, керісінше, оны сабырлықпен тыңдап, содан кейін себебін, мән-жайын жайлап түсіндіріп үйрену, үйрету;
15. Балаға қолдау көрсетіп, ынталандыру, қандайбір істі онымен бірге істеу;
16. Ой-пікірін, көзқарасын үнемі тыңдап, қандайбір шаруаны істеуге неге құлықсыз екендігін сұрап, білумен қатар, ол істі неліктен міндетті түрде істеу қажет екендігінің себебін өзіне тапқыза отырып, түсіндіру;
17. Тұрақты бір уақытта ұйықтап, тұруға үйрету;
18. Күн сайын кітап оқып беру, «өзім оқысам» деген қызығушылығын ояту;
19. Баладан үнемі сұрақ сұрап, оған толық сөйлеммен жауап беруін қадағалап, бағыт беріп көмектесіп отыру;

Бұл әдеттер мектеп табалдырығын жаңа аттаған кішкентай баланың жеке тұлға болып қалыптасуына сөзсіз ықпал етеді.

Форматы 60x84/8
Офсеттік баспа.
Офсеттік баспа қағазы
Баспа табағы 8 б.т.
"Содпресс" ЖШС-інде 720 дана басылды.

